

МҰҒАЛІМНІҢ ОҚУШЫҒА ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУГЕ БАҒЫТ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Астана қаласы әкімдігінің
«№ 30 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК
Оралбаева Жанар Жамалбаевна
Мәстүр Айғаным Талғатқызы
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері

Мақсаты:

Бұл ғылыми зерттеу жұмысының негізгі мақсаты — мұғалімнің оқушыға ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында бағыт-бағдар беру технологиясын зерттеу, оның тиімділігін анықтау және ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастырудағы рөлін көрсету. Сондай-ақ, оқушылардың шығармашылық және аналитикалық ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал ететін әдістер мен тәсілдерді зерттеу.

Міндеттері:

1. Мұғалімнің оқушыға ғылыми-зерттеу жұмысы барысында көрсететін бағыт-бағдар беру технологиясын теориялық тұрғыдан негіздеу.
2. Оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмысына қызығушылығын арттыру үшін қолданылатын әдіс-тәсілдер мен технологияларды анықтау.
3. Мұғалімнің зерттеу жұмысын ұйымдастыру мен басқарудағы рөлін айқындау.
4. Оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмысындағы жеке қабілеттері мен ынтасын дамыту жолдарын анықтау.
5. Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін бағалау жүйесін талдау.
6. Оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысуға ынталандыратын тиімді мотивациялық әдістерді зерттеу.

Өзектілігі:

Ғылыми-зерттеу жұмыстары білім беру процесінің маңызды құрамдас бөлігіне айналып келеді, өйткені олар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, аналитикалық ойлауын, зерттеу дағдыларын дамытады. Мұғалімнің оқушыға ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу кезінде бағыт беруі оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, олардың өз бетімен жұмыс істеу қабілеттерін жетілдіреді. Сонымен қатар, білім беру жүйесінде ғылыми-зерттеу жұмыстарының маңыздылығы артып, оның сапалы жүргізілуі мұғалімнің кәсіби біліктілігі мен әдіс-тәсілдеріне тікелей байланысты. Сондықтан осы тақырыптың өзектілігі мұғалімнің оқушыға ғылыми-зерттеу жұмысын тиімді ұйымдастыруға бағыт беру технологиясының қажеттілігімен және маңыздылығымен байланысты.

Проблемасы:

Қазақстандағы жалпы білім беретін мектептер мен жоғары оқу орындарында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу жүйесінің жетіспеушілігі мен сапасыздығы байқалады. Оқушылар мен студенттер арасында ғылыми-зерттеу жұмыстарына деген қызығушылықтың төмендігі, мұғалімдер мен оқытушылардың зерттеу жұмыстарының ұйымдастырылуындағы кәсіби дағдылардың жетіспеушілігі бұл саладағы проблемаларға алып келеді. Мұғалімнің оқушыға бағыт-бағдар беру әдістерінің тиімсіздігі, сондай-ақ оқушылардың зерттеу жұмыстарының сапасын бағалаудағы бірізділіктің жоқтығы — зерттеу жұмысын тиімді ұйымдастыру мен жүргізудің қиындықтарына әкелуде. Бұл мәселелерді шешу үшін мұғалімдер мен оқушылар үшін ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізудің жүйелі әрі тиімді әдістері қажет.

Қ.О.Бітібаеваның еңбектері, мақалалары, әдіс-тәсілдері арқылы осы тақырыпты зерттеп, сараладық. Бұл тақырып қазіргі білім беру жүйесінде өте маңызды, себебі ғылыми-зерттеу жұмыстары оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытатын маңызды кезең болып есептеледі.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу оқушының жеке қабілеттерін, өздігінен ойлау және іздену дағдыларын дамытуға көмектеседі. Оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына тарту арқылы оларды шығармашылыққа, талдау жасауға, зерттеу нәтижелерін жүйелі түрде ұсынуға үйретуге болады. Мұғалімнің бұл процесте рөлі өте үлкен. Ол оқушыға ғылыми-зерттеу жұмыстарының мәнін түсіндіреді, зерттеу әдістерімен таныстырады, зерттеу кезеңдерін дұрыс ұйымдастыруға бағыт береді.

Мұғалімнің рөлі:

Мұғалімнің оқушыға ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу барысында бағыт беруі – білім беру процесіндегі өте маңызды кезең. Мұғалім зерттеу тақырыбын таңдаудан бастап, зерттеу жұмыстарын жазуға дейін оқушының әр кезеңде қадағалап, қажет болған жағдайда көмек көрсетуі тиіс.

Мұғалімнің рөлі мынадай бағыттарды қамтиды:

1. **Зерттеу тақырыбын таңдауда бағыт беру:** Мұғалім оқушыға қызығушылықтары мен әлеуетіне сай ғылыми тақырыптарды таңдау үшін бағыт береді. Тақырыптың өзектілігі мен зерттеуге жарамдылығын түсіндіреді.

2. **Зерттеу әдістері мен тәсілдерін үйрету:** Мұғалім ғылыми-зерттеу жұмысының әдіс-тәсілдерін, құрылымын және талаптарын түсіндіреді. Оқушыға ғылыми әдістер мен зерттеу жүргізу жолдарын таныстырады.

3. **Зерттеу процесін ұйымдастыру:** Оқушының зерттеу барысында жоспар құруға, мәлімет жинауға, талдауға, қорытынды шығаруға қабілетті болуын қамтамасыз етеді.

4. **Ғылыми-зерттеу жұмысын жазу мен қорғау:** Оқушының зерттеу нәтижелерін жүйелеп, оларды ғылыми стильде жазуға үйретеді. Оқушының жұмысты қорғау кезінде дұрыс аргументтер келтіріп, өз пікірін дәлелдей білуі үшін көмектеседі.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарының маңызы:

Ғылыми-зерттеу жұмыстары оқушыларды тек ақпаратты қабылдайтын пассивті тыңдаушыдан белсенді зерттеушіге айналдырады. Зерттеу жұмысы оқушыларды:

- **Шығармашылыққа** жетелейді;
- **Ақпаратты талдай білуге** үйретеді;
- **Қойылған мәселелерді шешуге** дағдыландырады;
- **Топта жұмыс істеу дағдыларын дамытады;**
- **Тәуелсіз ойлау және сынақтар жүргізу дағдыларын** қалыптастырады.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде оқушының пәнге деген қызығушылығы артады, олар өздерінің болашақ мамандықтары мен ғылым салаларына деген бағыттарын анықтай алады.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге бағыт беру технологиясы:

Мұғалім оқушыға ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу үшін бірнеше технологиялар мен әдіс-тәсілдерді қолдануы мүмкін:

1. **Жобалық технология:** Оқушыларды өз тақырыптарына сәйкес шағын зерттеу жобаларын орындауға шақыру. Мұндай жұмыстар оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытады және ізденуге деген құштарлығын арттырады.

2. **Зерттеушілік әдіс:** Оқушыларға ғылыми зерттеу әдістері мен тәсілдерін үйрету, оларды нақты зерттеу жұмыстарымен таныстыру. Мұғалім оқушылардың зерттеу жұмыстарына қатысу деңгейін жоғары ұстау үшін түрлі зерттеу тапсырмаларын ұйымдастырады.


3. **Оқыту,ойланту,ойтастау әдісі:** Мұғалім нақты өмірден алынған мысалдар арқылы оқушыларды ғылыми мәселелерді шешуге шақырады. Бұл әдіс оқушылардың талдау дағдыларын арттырады.

4. **Интернет-ресурстарды қолдану:** Қазіргі таңда ғылыми ақпараттар мен зерттеулердің көпшілігі интернетте қолжетімді. Мұғалім оқушыларды тиімді түрде ақпарат іздеуге, интернет-ресурстарды зерттеуге үйретеді.

Зерттеу процесіндегі оқушының тұлғалық дамуы:

Ғылыми-зерттеу жұмыстары барысында оқушының тұлғалық қасиеттері де дамиды. Бұл – өзін-өзі бағалау, жауапкершілік және шығармашылық көзқарас. Оқушы ғылыми жұмыс барысында өз идеялары мен ойларын жүзеге асыруда тәуелсіз

әрекет ете алады. Бұл оның өзіндік пікірін



калыптастырып, ғылыми көзқарасын дамытады.

Қорытынды:

Ғылыми-зерттеу жұмыстарының маңызы білім беру жүйесінде артып келеді. Мұғалімнің оқушыға бағыт беруі — бұл тек білім беру емес, сонымен қатар оқушының зерттеу қабілетін дамыту, ойлау дағдыларын жетілдіру, шығармашылық қабілеттерін ашу. Мұғалімнің ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу технологиясы оқушының тұлғалық және интеллектуалдық дамуына үлкен ықпал етеді. Бұл жұмыстар білім беру сапасын арттырып, еліміздегі ғылым мен білімнің деңгейін жоғарылатуға үлес қосады.

Оқушыларыммен жүргізілген жұмыстар және шәкірттерімнің жетістіктері

Садыхан Дару - Республикалық ғылыми жобалар конкурсының (қалалық) кезеңі әдебиет секциясы бойынша жүлдегер

Әлмәмбет Жанайым - ұлттық «Зерде» балаларды зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобалары қалалық конкурсының қазақ тілі мен әдебиеті секциясы бойынша жүлдегері



**ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА
ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚИТУ
(Қ. Бітібаева технологиясы бойынша)**

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алууда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгеріп, білім берудің жаңа мазмұны пайда болуда. Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – оқушыларды сындарлы оқытуға үйрету, әлемдік білім кеңістігіне қол жеткізу, инновациялық білім негіздерін терең меңгерту. Атап айтқанда:

- білім мазмұны жаңа біліктермен, ақпараттарды қабылдау қабілеттерінің дамуымен, ғылымдағы шығармашылық және нарық жағдайындағы білім беру бағдарламаларының нақтылануымен байи түсуде,
- ақпараттық дәстүрлі әдістері ауызша және жазбаша, телефон немесе радиобайланыс қазіргі заманғы компьютерлік құралдарға орын беруде;
- баланың жеке басын тәрбиелеуде, оның жан дүниесінің рухани баюына, азамат, тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлінуде;
- мектеп, отбасы мен қоршаған әлеуметтік ортаның бала тәрбиесіндегі рөліне мән берілуде.

Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға бұрынғыдай білім, білік, дағдыны емес, баланың жеке тұлғасын қалыптастыруды қояды, оның өздігінен білім алу арқылы дамуына баса көңіл бөледі.

Елбасымыз өз халқына жолдауында «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі...» деп атап көрсетті [1]. Жас ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми педагогикалық негіздерін меңгеруі – маңызды мәселе. Бала жанының бағбаны, жас ұрпаққа білім мен тәрбие беретін мұғалім ары таза, әдепті, ой-өрісі кең, жан-жақты білімді, ұстамды, өз ойын шәкіртіне анық, дәл жеткізуі тиіс. Сондықтан да мұғалім үнемі ізденіп, білімін толықтырып отырады.

Жас ұрпаққа білім беруде озық технологияларды қолдану, инновациялық бағытта жұмыс жасау үшін мұғалімнің үздіксіз шығармашылық ізденуі, оқытуда жаңа педагогикалық технологиялар мен инновациялық әдіс - тәсілдерді меңгеруі, кәсіби құзырлығының жоғары деңгейде болуы қажет. Осы талапты ескере отырып, өз іс-тәжірибемде, қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда отандық және шетелдік технологияларды қолданып сабақ жүргіземін. Ұлттық төл технология ұлттық құндылықтарды бағалауға, қолдана білуге машықтандырады. Оқушының пәнді тереңдеп меңгеруінде сабақты түрлендіріп өткізу, жаңа әдістерді қолдану өз нәтижесін береді. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда еліміздің ұлағатты ұстаздары Н.А. Оразахынованың, М.М.Жанпейісованың, Р.Сыздықованың озық тәжірибелерін тиімді пайдаланамын. Осы орайда туған тіліміз бен әдебиетімізді оқытудың шебері – «Ұстаздықтың хан апасы» атанып кеткен Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясының әдебиетті оқытуда алатын орны ерекше. «Сабақ беру үйреншікті жай шеберлік емес, ол үнемі жетілдіруді қажет ететін, үнемі жаңаны табатын өнер», - деп

Ж. Аймауытов айтқандай, сабақ беруді өнер деп бағалау тегін емес [2]. Соның ішінде әдебиет сабағы – асыл сөз, өнер сабағы. Сабақ үрдісінде берілетін мазмұнды бүгінгі күннің өзекті проблемасына байланыстыра өту – балаға ой салу, ойланту, өмір сабағы. Әдіскер Қ.Бітібаева оқушының білімін шығармашылық деңгейге көтеру жолдарын ұсынады. Көзбе-көз әңгіме, ойлы сұхбат, пікір еркіндігі, оқушының білімді өз еңбегімен алуына жағдай жасау, оқу жүйесін тереңдете беру, оны игертудің тиімді жолдарын іздеу — ұстаздың басты ұстанымы. Әдіскер ұстаздың әдебиетті оқыту ұстанымы ой салу, ойлау, ойланту, бір шешімге келу пәлсапасынан тұрады. Ой салу —

ұстаз тарапынан, ойлану — шәкірт тарапынан, ойланту – (ойлауы жетіспей жатқан оқушыға түрткі жасап, ойлантуға алып келу) ұстаз тарапынан, бір шешімге келу – оқушы тарапынан алма-кезек өріліп отырады. Бұл технологияда әдеби айтыс, пікірлесу, диалог әңгіме, проблема шешу, іздену сияқты өнімді әдіс-тәсілдерге бару – басты шарт. Ұстаздың жаңа сабақ түсіндіру технологиясы сұрақ-жауап, пікірлесу, сұхбат әдістерімен қатар оқушылардың өз бетімен ізденуіне, зерттеу жұмысына негізделеді. Жобалау, модель жасау, оқушыларды өз беттерімен жаңа өнім жасауға бағыттау – ұстаз технологиясының ең негізгі алтын діңгегі. Оның барлығында оқушы жеке тұлға, дара субъект ретінде қабылданады. Әдіскер Қ.О.Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясының тиімділігі өте көп. Әдебиет сабағы - ой сабағы, ойлау сабағы, ойланту сабағы. Ұстаздың ой тастау, ойлау, ойланту технологиясы әдеби айтыс, пікірлесу, өзекті мәселелерді шешу, іздену сияқты өнімді әдістермен қатар оқушылардың өз бетімен ізденуіне, жұмыс жасауына негізделеді. Ұстаздың басты ұстанымы ойлау болса, ол шәкірт тарапынан болатын әрекет. Ал ойланту – ұстаз тарапынан болатын іс – әрекет. Ұстаз өгілетін жаңа тақырыпты, алдын ала тапсырма арқылы ой тастатқызып, сабақтың өн бойында ойланту арқылы мақсатқа жетеді. Қ.Бітібаева «Әдебиет пәні баламен нағыз қарым-қатынастың пәні, баламен нағыз достықтың, ынтымақтастықтың пәні» деген. Әдебиет – көркем сөз өнері. Әдебиетті сүю, қызығып оқу – жай сауаттылық емес, ол - шабыт, үлкен даналық. Әдебиет пәні – адам тәрбиелеудің ең басты құралы. Себебі, оқушыны әдебиетшілер көркем дүние, бейне арқылы тәрбиелейді. Сыни тұрғыдан ойлау- сынау емес, шыңдалған ойлау. Бағдарлама үш деңгейден тұратын оқыту мен үйренудің тәсілінен:

- 1) Қызығушылығын ояту;
- 2) Мағынаны тану;
- 3) Ой-толғаныс кезеңдерінен тұрады.

Ойлау, оқу, жазу, сөйлеу және тыңдау сияқты іс-әрекет арқылы жүзеге асатын бұл технологияның да өз талаптары және тиімділігі бар.

1. Оқушының ойы анық, пікірі жетік болу.
2. Оқушы бар ынтасын оқуға бағыттала отырып, өзі де тыңдап өзгені де тыңдата біледі.
3. Топпен, жеке оймен бөлісе отырып, белсенді іс-әрекет арқылы ортақ шешімге келеді.
4. Оқушылардың жеке өзіне деген жауапкершілігі артады.

СТО бағдарламасы бойынша «Ұлы Абай еліне саяхат», «Абайдың қарасөздерінің тағылымы» тақырыптарына сабақ өткізген кезде әдіскер-ұстаздың тәжірибесі көп көмегін тигізді. Себебі Қ.Бітібаеваның әдебиетті оқытудағы инновациялық технологиялары — баланы ізденімпаздыққа, өз бетімен білімін жетілдіруге, өзінің ішкі мүмкіндіктерін тануға жетелейтін озық әдістер мен тәсілдер. Қазіргі таңда қолданыста жүрген «модель», «жоба», «бағалау парағы», «постер жасау», «миға шабуыл», «технологиялық карта» терминдері ұстаз еңбегінде, оның білім беру әдіс-тәсілдерінде ертерек орын алғанын аңғарамыз. Әдіскер-зерттеушінің әдіс-тәсілдері мынадай ерекшеліктерді қамтиды: - оқушылардың қызығушылығын туғызатын іскерлік ойындары күрделі де маңызды тапсырманы орындаудың жеңіл, оңтайлы жолын қарастырады; -оқушыларды шығармашылық жұмыстарға, ғылыми ізденістерге жетелейді; - шәкірттерді сауаттылыққа баули отырып, тіл дамыту үрдісі жүзеге асады; - оқушылар меңгерген теориялық білімдерін тәжірибеде өз беттерімен қолдана білуге түрткі жасайды; - ең бастысы, оқушылардың өз-өзін оқытуы, ойлауы, ізденуі, табуы, пайдалануы сияқты іс-әрекеттерге дағдыландырады. Әдіскер Қ. Бітібаева «Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары» атты оқу құралында: «... әдебиет пәні жас жеткіншектерге жай ғана білім беріп қоймайды, ол өмірдің ең қымбаттысы, ең асылы – жақсылық пен ізгіліктің ұрығын себеді.... Бұл пән жас қауымды мақсатты өмір сүруге үндейді, оны туған анасын сүюден Отанын сүюге, бүкіл адамзатты сүюге дейін жетелейді», -дейді [3]. Оқушының әдебиет пәніне деген қызығушылығын, өзіндік ойлау

қабілетін, шығармашылық мүмкіндіктерін жан-жақты дамытуда Қ.Бітібаеваның «Ой тастау» және «Жобалап оқыту» технологиясы өте тиімді. Бұл технологияларды тәжірибемде қолданудағы мақсатым: ұлттық мәдени құндылықтарды жас ұрпақ бойына сіңіру және олардың ұлттық сана-сезімін, елжандылық сезімін ояту; жобалап оқыту әдісі негізінде оқушылар күнделікті өмірдегі құбылыстарды жобалау негізінде орындайды. Бұл жобалық оқытуда оқушылардың жеке қабілеті мен қасиеттерін, шығармашылық белсенділік іс-әрекетін қамтамасыз ету және өздігінен білімін жетілдіру көзделеді. Мұндағы негізгі ұстанымдар:

1. Оқушының дербес қасиеті мен қабілетін жетілдіру, дамыту.
2. Оқушының жеке қабілетіне орай белсенділік іс-әрекетін қамтамасыз ету.
3. Оқушы қажеттілігін қанағаттандыру.

Оқушылардың жеке қабілеттерін дамыту үшін қосымша білім беру қажеттілігі туындайды. Бұл қажеттілікті сыныптан тыс оқыту жұмыстарында іске асыруға болады. Жаңа білімді игерту технологиясы

| Технология | Технология кезінде жүргізілетін жұмыс | Оқушы әрекеті | Мұғалім әрекеті |
|---------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------|
| Ой тастау, ойланту, ойлау | 1. Жаңа тақырып бойынша алдын ала тапсырмалар беру; 2. Тапсырмалар негізінде әңгіме-сұхбат, пікірлесу; 3. Оқулықпен жұмыс; 4. Қосымша материалдар мен жұмыс; 5. Жинақтау, қорытындылау, саралау; | Білім; түсінік; қолдану; анализ; синтез; өнім; баға. | Анализ; синтез; баға; қорытындылау. |

Технологияның тиімділігі:

- білім беру, өз бетінше білім алу үдерісінде бірлесіп әрекет жасау;
- берілетін жаңа білім бойынша алдын ала тапсырмалар беру.

Технологияның мақсаты:

- оқушыларды жеке тұлға ретінде ала отырып, олардың іс-әрекет түрлерін мақсатты қалыптастыру, өздік, дербес ізденуге баулу;
- өз беттерімен көркем туындыны оқу, талдау, бағалауға жетелеу;
- логикасын, эстетикалық талғамдарын дамыту; шығармашылық қабілеттерін өрістету, ғылыми ізденіске баулу;
- болжам жасау (гипотеза), оны дәлелдейтін жол іздеу, модель құрастырып, жоба ұсыну.

Технология міндеттері:

- білім алуға деген ынтасын, іскерлігін оқу-танымдық қажеттілігін қалыптастыру;
- дайын білімді қайталап беру емес, оны өз белсенділіктерімен ізденуге баулу;
- әдеби-көркем туындыларды өз беттерінен оқуына қызығушылығын туғызу;
- өзіндік ізденіс жұмыстарына мақсатты бағдарлар, айқын міндеттер қойғыза білу;
- сұрақтар дайындап, оның ішінен көркем туынды бойынша проблемалық сұ - рақтарды бөліп алып, соны талқылау;
- көркем туынды бойынша анализ,синтезге жету, жоба жасау, өзін-өзі баға- лау.

Бұл технология барысындағы оқушы- мұғалім іс-әрекеті ұйымдастырылады.

Нәтижесі:

- ынтасы, көркем туындыларды оқуға қызығушылығы артады, іскерлік дағдылары дамиды;
- өзін-өзі таниды, бірін-бірі таниды (қабілетін, мүмкіндігін, білімінің деңгейін);

- дербестігін сезінеді, өзіне-өзінің сенімі қалыптасады;
- танымдық іс-әрекеті, ойлау белсенділігі, тапқырлығы, тез шешім жасау әрекеттері дамиды;
- білімді өз беттерімен алудың жолдарын үйренеді;
- мұғалім мен оқушы арасында достық, серіктестік қарым-қатынас туындайды;
- өз беттерімен модель, жоба құрастыруға, проблеманы шешуге, алдындағы мақсатқа өз бетімен жетуге үйренеді.

Бұл технологияның тиімділігі, біріншіден, практикалық маңызында болса, екіншіден, оқушыларды шығармашылықпен жұмыстануға дербес ізденуге жетелеуінде. Сол ізденіс негізінде олар бір өнімге қол жеткізеді. Ол өнімді жоба деп қарастыруға болады. Яғни кез-келген оқушы көркем туынды бойынша өз жобасын жасап, оны қорғауға дағдыланады. Жоба – технологиялық оқытудың өнімді әдісі. Әдебиет сабағында жобалау әдісін әр түрлі мақсатта пайдалануға болады. Соның ішінде оның іздену зерттеу жұмыстарындағы орны ерекше.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақстан мектебі» журналы, №2, 2012ж.
2. Бітібаева Қ. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары, Алматы: Рауан, 1990. -202 б.
3. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі, Алматы: Рауан, 1997.-285 б.

**ОҚУШЫЛАРДЫ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНА БАУЛУ ЖОЛДАРЫ
(Қ.БІТІБАЕВА ӘДІСТЕМЕСІ БОЙЫНША)**

Ілияс Есенберлин атындағы №67 гимназия
Сыздыкова Даржан Жумағазиевна қазақ тілі мен
әдебиеті пәні мұғалімі

*Адам баласынан адам баласы ақыл,
ғылым, ар, мінез деген
нәрселерден озады.
Абай*

АННОТАЦИЯ

Мақалада қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулу жолдарын Қ.Бітібаеваның әдістемесі негізінде жүзеге асыру жолдары қарастырылады. Ғылыми зерттеу жұмыстарына білім алушыны бағыттау жас ерекшелігіне сай ғылымға қызығушылығын оятудан және проблемалық сұрақтар құрастыруға үйретуден тақырып таңдауға жетелейтінін айқындайды. Ғылыми зерттеу жазу сыни көзқарасты дамыта отыра білім алушының іс-әрекетінде жүйелілік пен зерделі дағдыны қалыптастыруға бағыттайтындығы дәлелденіп, түсініктеме беріледі.

Түйін сөздер: ғылыми-зерттеу, проблемалық сұрақтар, сыни көзқарас, жүйелілік, түсініктеме

Бүгін ғылым мен техника дамып тұрған жаһандану заманында білім алушылардың білімін дамыту – өзекті. Ғылым – жаңалық, табиғат пен адам арасындағы үндестіктен туған қоғам туралы жаңа білімді игеруге бағытталған танымдық зерделік қағидалар бірлігі. Бүгінгі күні ғылыми-техникалық үдерістің қарқынды дамуынан таным түсінігін санап өскенде білім алушылардың белсенділігі де артқан. Қазіргі таңда ғылым қоғамның дамушы күші болып табылады. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – оқудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу» [1] Қазіргі кезеңде әрбір ұстаздың алдына қойылып отырған басты міндеттердің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа технологияны меңгеру. Жаңа технологияны меңгеру барысында оқыту міндеттері де жаңаша сипат алатындығын атап өту қажет. Фундаменталдық зерттеулер – теориялық өзектілік пен заңдылықтарды мен принциптерді ашу, тұжырымдамалық негіздерді, тарихи сын тұрғысынан талдау, ғылыми дәлелдігі, ғылымилығы, стратегиялық бағыт-бағдар алу. Ал қолданбалы зерттеулер: оперативтік міндеттерді шешуі, жеке мәселені зерттеуге бағытталуы, тәжірибелік эксперименталдық жұмысқа сүйенуі. Ал мұндай ғылыми-зерттеу неден туындайды, оның тақырыбын қалай таңдап алуға болады? Жаңа жетістіктер мен идеялар туу үшін жан-жақты тәжірибелік жұмыстарды жүргізу керек. Түрлі ақпараттарды негізге ала отыра тәжірибе барысында қолданып, талдап, жинақтап, бағалап, нәтижесін ұсыну керек. Осы қадамдарды жасай отыра білім алушы ғылымға бет бұрады.

Ғылыми зерттеу бес қадамнан тұрады. Проблеманы анықтау, болжам жасау, теориялық зерттеу жүргізу, тәжірибеде анықтау, шешім шығару. Зерттеу жұмысымен айналысу білім алушының логикасын, танымын, шығармашылық қабілетін, аналитикалық ойлау қабілеті мен шешім қабылдауын жүйелендіреді. Теория сипатына ие ғылыми жұмыс жүргізу барысында соңғы нәтижеге жету үшін әдебиет көздерінен ақпарат жинақталады, талданып қорытылады, өңделеді, есептеледі, жаңа ой – пікір ұсынылып, болжау жасалады. Ғылыми жұмыстың мұндай сипаты дедуктивті әдіс деп аталады. Қай ғылыми жұмыс болмасын, ол өзекті проблемалардан туындайды. Ал «проблема» ескі грек сөзі. Аудармасын «қиындық, кедергі, шешімін күтіп тұрған мәселе» деп түсіндіруге болады. Ғылыми ізденіс тақырыптары проблемалардан туындайды дедік. Ол үшін оқушыда зерделілік, талдай білу, саралай білу, сыни көзқараспен қарай білу дағдылары болу керек. Дағды да нағыз ойлы еңбектен туындайды.

Қ.Бітібаева білім алушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына баулу жолындағы әдістемесінде ғылыми жобаға қалай дайындауға болатынын нақты түсіндіріп берді.

Оқушы жұмысының ғылыми жобаға дейінгі іс-әрекетін бағыттау, жетелеу – күрделі екенін айта келе зерттелген жұмыстардың барлығы дерлік ғылыми зерттеу жұмысына жете бермейтінін, ол міндет емес екендігін айтты. Ізденістерді ғылыми жобаға жетелеу жүйесін, кезеңдері мен сатыларын тұжырымдап, сызба арқылы түсіндірді. Бірінші қадамда проблеманы іздету және оны шешуге жетелеу, екінші қадамда оның өзектілігін анықтау, зерттудің маңызы неде деген сұрақтар айналасында іздену, үшінші қадамда зерттеу алдындағы негізгі мақсаттар мен міндеттерді саралау, төртінші қадам проблеманы шешу үшін болжам жасату, бесінші қадам зерттеу арқылы бір өнімге қол жеткізуге, жаңалық ашуға жетелеу, алтыншы қадам жобаны қорғауға дайындық. Ғылыми есеп жазу, оны талқыға салу, жетінші қадам – жобаны қорғау. Қорытынды жасау деп жүйелі түрде нақты сызбамен көрсетеді. Осы бағытпен білім алушыны ғылыми жұмысқа баулу теориялық білімін тәжірибеде көрсете алуына және зерттеушілік құзыреттіліктері дамитындығы рас. Қ.Бітібаева әдістемелік жұмысында көмек-бағдаршам үлгісін ұсынады:

| Кезеңнің реті | Кезеңнің міндеттері | Жұмыстың мазмұны | Орындалу мерзімі |
|---------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------|
| 1-кезең | 1.Зерттеу жұмысының тақырыбын анықтау. | 1.Ғылыми жобаның тақырыбын таңдау; 2.Ғылыми жобаның жоспарын жасау; | |
| 2 кезең | 1.Зерттеудің дереккөздерін таңдау. 2. Ғылыми жобаға кіріспе жазу. | 1.Әдебиеттерді іріктеп, олардың тізімін құру. 1.Тақырыптың өзектілігін анықтау; 2.Зерттеудің мақсаты мен міндетін саралау. | |
| 3 кезең. | 1. Ғылыми жобаның 1-ші тарауын жазу. 2.Жобаның кіріспесі мен 1-ші тарауын толықтырып, редакциялау. 3.Зерттеу нәтижесін өңдеу. 4.Негізі тарауларын жазу 5. Аяқталған бөлімін жетекшімен талқылау, толықтыру. | 1. Іріктелген зерттеу еңбектерді оқу, тақырыпқа сай жүйелеу, пайдалану. 2.Тараудың мазмұнын жеке сұрақтар бойынша жүйелі түрде талқылау. 1. Жетекшінің кеңесі бойынша ескертүлерді толықтыру; 2. Грамматикасын, стилистикасын тексеру. 1. Өңдеудің,әр түрлі әдістерін қолдану; 2. Кесте, график, суреттер құру. 1. Зерттеудің нақты материалдарын орнымен пайдалану; 2.Оны түсіндіріп, негіздеу; 3. Өзіндік зерттеу нәтижесін талқылау 1. Толықтырулар жазып қосу; 2. Жұмысты аяқтау. | |
| 5-кезең | 1. Жұмыстың барлық бөлімін өңдеп, қайта қарау. | 1. Жетекшінің ескертурлерін орындау; 2. Көрнекіліктерді | |

| | | | |
|--|--|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
| | | орналыстыруды нақтылау; 3. Әр бөлімді грамматикалық және стилистикалық оңдеуден өткізу. 4. Әдебиеттер тізімін құру. | |
|--|--|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|

Бастапқы деңгейде жалпы ғылым туралы оқушыға түсінік беру ұсынылады. Бұл жерде білім алушының ғылымға деген қызығушылығын ояту мақсатындағы әңгіме жүргізу, анықтамалармен жұмыс жүргізген дұрыс. Жеңілден күрделіге қарай бағыттап, саралап оқыту әдісі арқылы іздену, зерттеу дағдыларын қалыптастыруға жұмыс жасау керек. Оқыған шығармаларынан жай сұрақ пен проблемалық сұрақ түрлерін құрастыру тапсырмаларын берген дұрыс. Мәселе арқылы зерттелетін тақырыпты шығарып, оның өзектілігін, маңыздылығын пысықтауды айтады. Зерттелетін тақырыптың мақсаты, міндетін қарастырып, болжам жасауға баулу. Бұл дағды оқушының танымдық қабілеті мен логикалық, сыни көзқарасын дамытары сөзсіз. Зерттеудің қорытындысы шынайы фактілерге айналуы керек. Ол оның жаңалығы болады. Ал бұрын зерттелген тақырып болса, басқа бір тұстарын салыстыра отыра зерттеуге бағыттау керек екендігін сөз етеді.

Қ.Бітібаева ғылыми жобаның мына құрылымдарын түсінігімен бірге қарастырады.

- Зерттеу нысаны
- Зерттеу дереккөздері
- Зерттеу әдістері.

Зерттеу әдістерін, зерттеу дереккөздерін, пайдаланылған әдебиеттер тізімін нақты қалай беру керектігін де айтып кеткен.



Қорытындыда тұжырымды қалай шығару керектігін және жобаның жазылу стиліне дұрыс көңіл бөлуді ескертеді.

Қазақ әдебиеті сабағында білім алушының зерттеушілік құзыреттілігін дамытуда мұғалім зерттеу жұмысын жүргізудің әдістемесін толық білгені дұрыс. Зерттеу жұмысында тақырып тандағанда оқушының жас ерекшелігі ескерілуі керек. Өткен тақырып пен жаңа білімді меңгеру сабақтарында шығармашылық, зерттеушілік тапсырмалар сараланып берілуі керектігі айтылады. Қ.Бітібаева: «Жас зерттеушінің құзыреттілік қабілеті теориялық, методологиялық және технологиялық бағыттармен іске асады», - дейді. Білім алушының бойында елестету, жобалау, интуиция, танымдық қабілет, дәлдік, дәйектілік дағдылары қалыптастыру керек. Тұтасты бөлшекке, бөлшекті тұтастақ айналдыра білу шығармашылық қасиетін дамытып, ақпараттарды жүйелі жаңа бір идеяға айналдыруға, түрлі қорытынды, тұжырымдарды шығаруға, нәтиже шығаруға үйретуді ұстанғанымыз абзал.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бітібаева Қ.О. Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы. Бірінші кітап. 5—11-сынып мұғалімдеріне арналған әдістемелік құрал — Алматы: «Дәуір - Кітап» баспасы, 2012.
2. Бітібаева Қ.О. Әдебиетті оқыту әдістемесі — Алматы: «Рауан», 1997.

**ДРАМАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ
(Қ.БІТІБАЕВА ТЕХНОЛОГИЯСЫ БОЙЫНША)**

**А.Б. Шотпаева, Астана қаласы
С.Қожанов атындағы №64 мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі**

АННОТАЦИЯ

Мультиәдебиетші, педагог-әдіскер Қанипа Бітібаева қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі саласында елеулі із қалдырған ғалым ретінде танымал. Оның драмалық шығармаларды оқыту әдістемесі әдебиетті оқытуда терең теориялық және практикалық негізге сүйенеді. Бұл мақалада оның драмалық шығармаларды оқыту әдістерінің негізгі ерекшеліктері мен маңыздылығы талданады.

Қанипа Омарғалиқызы Бітібаева – қазақ әдебиеті әдістемесінің белгілі маманы, педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі. Оның әдістемелік еңбектері, әсіресе драмалық шығармаларды оқыту тәсілдері, қазақ әдебиетін терең түсінуге және шығармашылық тұрғыдан оқытуға бағытталған.

Драмалық шығармаларды оқытудың ерекшеліктері

Бітібаеваның әдістемесіне сәйкес, драмалық шығармаларды оқытуда мынадай қадамдар маңызды:

1. Драмалық шығарманы талдау модельдері

Бітібаева драмалық шығармаларды оқытуда жүйелі талдауға үлкен мән береді. Ол шығарманың тақырыбын, идеясын, сюжеттік желісін, кейіпкерлердің мінез-құлық ерекшеліктерін ашуды мақсат етеді. Мұндай талдау оқушының көркем мәтінге деген сыни көзқарасын дамытуға бағытталған. Бітібаева драмалық шығармаларды оқытуда диалогтік әдістерді қолдануды ұсынады. Мысалы, оқушыларға шығарманы сахналық тұрғыдан оқыту, рөлдік ойындар ұйымдастыру, кейіпкерлердің сөздері мен әрекеттерін талдау арқылы шығарманың идеясын ашу. Оқушыны шығарманың идеясымен таныстыру арқылы шығарманың тарихи, мәдени және әлеуметтік мәні ашылады. Автордың негізгі ойы түсіндіріледі.

2. Кейіпкерлерді талдау.

Әр кейіпкердің мінез-құлқын, әрекеттерін, ішкі жан дүниесін талқылау. Кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынасты зерттеу. Қандайда да сахналық қойылымның алдында балалармен бірнеше кіріспе жұмыс жүргізіледі:

- драмалық шығармаларды оқып, әңгімелеген кезде кейіпкерлердің мінез-құлқына, дауысының ырғағына, қимылдарына назар аударылады;

- әр кейіпкердің киіміне көңіл бөлінеді;

- сұрақ-жауап арқылы кейіпкердің қимылын, іс-әрекетін байқап, бағалап отыру тапсырылады.

3. Шығарманы сахналық тұрғыдан қарастыру.

Оқушылардың шығарманы тек мәтін ретінде емес, қойылым ретінде қабылдауына жағдай жасау. Мәтінді сахналау, рөлдерге бөлу арқылы тереңірек түсінік беру. Балалардың шығармашылық қабілеттерін, сөйлеу мәдениеті мен ой-өрісін, дүниетанымын жетілдіруде сахналау тиімді нәтиже береді. Шығарманың кейіпкерін сахналау үшін оны түсіну, оның образына ене білу қажет. Сахналау – тек кейіпкердің сөзін жаттап айту емес, кейіпкердің бейнесін, айтар ойын жеткізе алу. Өзіңді сол адамдай сезіну болып табылады.

4. Қосымша шығармашылық жұмыстар:

Инсценировка жасау (кейбір үзінділерді сахналау). Кейіпкерлерге хат жазу немесе олардың атынан әңгіме құрастыру. Пікірталастар ұйымдастыру: оқушылар белгілі бір кейіпкерді жақтап немесе сынап пікір айтуға тырысады.

5. Драматургиялық ерекшеліктерді талдау:

Диалог, монолог, ремарка сияқты элементтердің шығарманың құрылымындағы рөлін көрсету. Автордың стилін, тілдік шеберлігін анықтау.

6. Салыстырмалы талдау

Ол драмалық шығармаларды басқа жанрлармен (эпос, проза, лирика) салыстыра отырып оқытуға назар аударды. Бұл оқушылардың әдеби шығармаларды жан-жақты түсінуге ықпал етеді.

Бітібаева сабақтарының негізгі қағидаттары:

1. Интерактивтілік

Оқушыларды сабаққа белсенді қатыстыру, пікір алмасу арқылы шығарманы бірге түсіну.

2. Шығармашылық жұмыс

Шығармашылық тапсырмаларды қолдану

Бітібаева оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында түрлі тапсырмалар ұсынған. Мысалы, шығарманың жалғасын жазу, драмалық қойылым қою, кейіпкерлер арасындағы қақтығысты басқа қырынан талқылау сияқты тәсілдер. Сабақ барысында эссе жазу, көріністер қою, сурет салу сияқты тапсырмалар арқылы оқушылардың қиялын дамыту.

3. Эмоционалдық сезіну арқылы оқыту

Бітібаева оқушылардың шығарманы терең сезінуі үшін эмоциялық әдістерді қолдануға шақырған. Бұл әдіс арқылы оқушылар кейіпкерлердің жан-дүниесін сезініп, олардың іс-әрекеттеріне баға беруді үйренеді. Мұғалімнің оқушыға эмоционалдық ықпал етуі – шығарманың идеясын толық жеткізудің негізгі жолдарының бірі.

4. Тәрбиелік мәні

Әдеби шығармаларды оқытуда оқушылардың рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруды көздеу. Кез келген шығарманы оқып отырған жеткіншек, одан өз ұлтына тән қасиеттерді ала отыруы керек. Әр туындыға қойылатын барлық талаптармен бірге сол шығармадағы өмір шындығын әрі нақтылы, әрі эстетикалық-көркемдік талапқа бағынуын ескеру абзал.

5. Салыстырмалы талдау

Ол драмалық шығармаларды басқа жанрлармен (эпос, проза, лирика) салыстыра отырып оқытуға назар аударды. Бұл оқушылардың әдеби шығармаларды жан-жақты түсінуіне ықпал етеді.

Қанипа Бітібаеваның драмалық шығармаларды оқыту әдістемесі оқушылардың әдеби білімін, көркем ойлауын және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған. Оның әдістемелік жүйесі бүгінгі күнгі әдебиет пәнін оқыту процесінде де өзекті болып табылады. Мұғалімдер үшін Бітібаеваның әдістемесі көркем шығарманы тереңірек түсінуге және оны оқытуда жаңа әдістерді қолдануға мүмкіндік береді. Оқушылар кез келген жанрдағы жазба мәтіндерден немесе ауызша шығармалардан әңгімелерді сахналай алады.

Сабақ үлгісі: Дулат Исабековтің «Әпке» драмасын оқыту

1. Кіріспе бөлім:

- тарихи кезеңімен таныстыру.
- драманың жанрлық ерекшеліктерін түсіндіру.

2. Негізгі бөлім:

- әр көріністегі негізгі оқиғаларды талдау.
- кейіпкерлердің сөздерінен олардың мінез-құлқын анықтау.
- сахналық элементтерді талқылау: мизансцена, декорация.

1. Кейіпкерлер галереясы.

Шығармадағы диалог арқылы кейіпкерлер мінезі қалай танылған?

(«Әпке» фильмінен үзінділер көру арқылы кейіпкерлер мінезін ашу).

1. Ермек - Омар
2. Тимур - Кәмила
3. Қамажай - Омар
4. Нәзила - Омар
5. Қамажай (айырылысу хаты)

- Шығарманың аяқталуында оқулық пен кино арасында қандай айырмашылық бар?

«Екі жақты түсіндірме күнделік»

| <i>Пьесадағы қай кейіпкер ерекше ұнады?</i> | <i>Себебі?</i> |
|---------------------------------------------|----------------|
| | |

1-тапсырма. Төмендегі үзінді сахнада жүріп жатыр деп есептеңіз. Актерлердің сөзіне сай ойын үлгісін көрсете аласыздар ма? Кім қалай сөйлеуі және ойнауы керек?

Қамажай. Сіңлім, шай ішші. Басың ауырып отыр ма?

Кәмила. Жо-жоқ, я так хочу.

Темірбек. Котенок мой, маленький. *(Иығынан құшақтайды.)*

Нәзила. Ағамыз ақырында мысық алып тынатын болды.

Қамажай. Ә... мейлің, мейлің... Ауырмасаң... ауырмасаң бопты.

Кәмила. Тим, с тобой как хорошо...

Нәзила. Әпке, сіз температурасы көтерілген адамды ғана ауру деп санайсыз ба? Махаббат та ауру. Одан да адамның қызуы көтеріліп, қан қысымы жоғарылайды.

Темірбек. На-аз. Не болған саған? Тоқтат енді!

Нәзила. Жоқ, тоқтатпаймын. Әпкемен, мына өз үйіңнің шаңырағынан, қарындастарыңнан ұялсаң етті. Өз туыстарыңның алдында бұл күнә.

Қамажай. Қой, қой деймін, Нәзила. Теміржанның достарының көңіліне тиме.

Нәзила. Олар бізді неге сыйламайды?

Светлана. Сіңлім, сен қонақжай емес екенсің.

Нәзила. Солай ма? Онда кешіріңіз. Сіздерге барлық жағдайды жасап, жарықты сөндіріп шығып кетсек қайтеді? Көршілерге барып қонып, таңертең бір-ақ келсек, сонан соң сүт қосып шай берсек. Сонда қонақжай қыз болам ба?

Кәмила. Тимур, сен сау бол. Мен кеттім. Сенің туыстарыңа ұнамайды екем.

Темірбек. Кама, тоқта.

Үйден бәрі шығады. Гитарасын қасақана дарылдатып, Сұлтан шайқала басып, есікке беттейді.

Темірбек. Тоқтандар, тоқтандар деймін, Сұлтан, Светлана.

Үйде өздері ғана қалады. Төртеуі төрт бұрышта сілейіп тұр. Есік алдында – Тимур.

Қамажай. Не боп кетті, Құдай-ау?! Өң мен түстей. Теміржан, қарындасыңның балалығын кешір. Япырым-ай, әуре боп жасаған тамақты да іше алмадыңдар ғой.

Тимур. Құрып қалсын тамағың.

Нәзила. Әпке-е, мынау тағы да күнәға батты...

2-тапсырма. Актерлердің рөлді сомдау шеберлігіне, жалпы сахналық көрініске баға беріңіз.

3. Қорытынды бөлім:

- шығарманың идеялық мәнін ашу.

- қазіргі заманмен байланыстыра отырып, шығарманың тәрбиелік жағын талдау.

Қосымша тапсырмалар:

Кейіпкерлер арасында сахналық көрініс қою.

"Әпкеге хат" жазу. Қойылым бойынша оқушылардың өзіндік пікірлерін жинақтау

Ж. «Әпкені» оқығанда...» деген тақырыпта досыңызға хат жазыңыз. Оны жазу барысында мына нұсқаулықтарды **ескеріңіз:**

- өткен шақта жазу;

- төл және төлеу сөздерді қолдану;

- бірінші жақтан жазу;

- уақытқа байланысты жалғаулықтарды қолдану;

- толық сипаттау;

- соңында эмоциялар мен сезімдерінді қосу.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бітібаева Қ.О. Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы. Бірінші кітап. 5—11-сынып мұғалімдеріне арналған әдістемелік құрал — Алматы: «Дәуір - Кітап» баспасы, 2012.

2. Бітібаева Қ.О. Әдебиетті оқыту әдістемесі — Алматы: «Рауан», 1997.

3. Қазақ тілі мен әдебиет журналы №9 2017жыл.

**АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ОҚЫТУДА Қ.БІТІБАЕВАНЫҢ
ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ**

Астана қаласы
“№64 мектеп-лицей” ШЖҚ МКК
Кариева Айжан Манарбековна
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

АННОТАЦИЯ

Мақалада қазақ халқының танымал мұғалімі, педагог-әдіскер, профессор, Қазақстан Білім беру ісінің құрметті қызметкері Қанипа Бітібаеваның әдебиетті оқытудағы технологияларының өміршеңдігін баяндайды. Қазақ аудиториясына сай жасалған әдістеменің басты ерекшелігіне тоқталады. Абай шығармаларын оқытудағы әдістерін қолданған өзінің тәжірибесімен бөліседі. Қанипа Бітібаева енгізген әдебиетті оқыту әдістемесін ұлттық педагогика негізінде жасалған технология деп баға береді.

Қанипа Бітібаева – Абай туындыларын оқытуға негізделген төрт еңбек жазған әдіскер-мұғалім, ғалым. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесін жетілдіруде өзінің жаңаша технологияларын енгізген Қанипа Омарғалиқызының 70-тен аса мақаласы мен 23 кітап пен оқулығы – әлі де мұғалімдердің көмекші құралы. Оқытуда Қанипа Бітібаеваның оқыту технологиясы деген атпен таралған әдістері қолданыстан түскен жоқ. Ш. Амонашвилидің, Ю.Бабанскийдің әдістемесін өзіндік философиялық қағидаларына негіздеп, қазақ аудиториясына сай жасаған әдістемесі оқушыларға ой салуды, ойландыруды, идеяны тереңінен зерделеуді, шешім шығаруды көздейді. Ой салушы – ұстаз, ойланатын – шәкірт, ойласып, шешім шығару – оқушылардың бірлескен жұмысынан, уәж айтуынан тұрады. Қазір жиі айтылып жүрген, қолданып жүрген, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту, саралап деңгейлеп оқыту, ынталандыру, кері байланыс беру тәсілдерін ғалым-ұстаз 1990 жылдары көрсетіп кеткен. Сондықтан Қ.Бітібаеваның педагогикалық әдістері, технологиялары өзектілігін ешқашан жоймайды. Сол себепті де «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі», «Мектепте Абайды танытудың жаңашыл технологиясы» т.б. еңбектері Республиканың барлық оқу орындарында оқытылып жатыр [1].

Әдіскер көркем мәтінді, лирикалық, эпикалық, драмалық туындыларды талдаудың жаңаша үлгісін көрсетіп берді. Әсіресе, Абай шығармаларын оқытуда тақырып-тақырыпқа жіктей бермей, ақын шығармашылығын тұтастай ең негізгі арналы, ағысты проблемаларына сүйене отырып, біртұтас оқыту туралы идеясы айрықша назар аударуды қажет етеді. Абай өзі жазып кеткендей: «Алланы сүй, Алла махаббатпен жаратқан Адамды сүй, Хақ жолы деп әділетті сүй» оны оқытудың алтын діңгегі болуы керек», - деп жазады ұстаз, «Ақынның қай туындысында болмасын, оның алтын арқауы болып Адам тұрады, Адамға деген махаббат тұрады. Ұлы ақын нағыз Адам – Толық Адам қандай болуы керек? деген сұраққа жауап іздейді». Бұл пікір шын мәнінде ақын шығармашылығын ғана емес, жалпы адамзат жанын түсінуге, адами қасиеттерді меңгеруге жетелейді. Абай шығармашылығын оқытудың өзекті мәселелерін алдыға тарта отырып, ары қарай оны 5-8- сыныптарда қалай оқытуға болады деген сұрақтарға жауап іздейді, меңгерудің тиімді технологиясын ұсынады, сабақ түрлерін береді. Одан әрі 9,10-сыныптардағы Абай шығармашылығын оқытудың жүйелі бағдарламасын беріп, оның әдістемесін: сабақ түрлерін, оқу-тәрбиенің комплекстік жоспарын, оқушылардың білім-білік дағдыларына қойылатын талаптарды, Абайтану ғылымын сабақта қалай тереңдетуге болатындығын жан-жақты талдап көрсетеді. Ол оқушының білім деңгейін шығармашылық деңгейге көтеру жолдарын ұсынады [2].

«Ұстаздың биігі ойлана қарасаң биіктей береді, үңіле қарасаң, тереңдей береді, қол созсаң қарсы алдында, айналсаң артында тұрғандай», – деп Сократ айтқандай, Қанипа Омарғалиқызының шығармашылығын оқып білген сайын тереңіне сүңгі берерің анық. Сондықтан сабақтарымда міндетті түрде Қанипа Бітібаеваның оқыту технологиясын қолданамын. Мысалы, жаңартылған білім мазмұнындағы 6-сыныпта «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңін оқытуда қолданған әдістерім нәтижелі болды.

“Абай өлеңдерін оқытудың тиімді жолын іздестіргенде, ең алдымен, әр өлеңнің негізінде жатқан ақындық ой, ол ойдың берілу жолын, ақындық шеберлігін, әр өлеңнің негізінде жатқан түйінді дәнді саралап алу керек”, - дейді әдіскер-ғалым [3,81]. Өлеңнің негізгі түйінін анықтау мақсатында, тыңдаушыға айтқысы келген ойын түсіну

мақсатында берілген тапсырмаларды Қанипа Бітібаеваның технологиясы негізінде жасадым.

| Негізгі түйінді ой | Оқу түрі, амал, тәсілдер, оқыту, оқу әрекеті |
|----------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Ақындық бағдарламасы, жастарға үлгі беру – ақын мақсаты | Ақын бағдарламасын мәтіннен тауып оқу |
| Тыңдаушыға тілек, өтініш, түбі терең сөзді ұғынуға шақыру | Өзіндік ерекшелігін, тың ойын саралау |
| Бұрынғы ақындардың Әзірет Әліні жырлаушылардан өз артықшылығы, өз ақындығының ерекшелігі | Сұрақ-жауап әдісі Түсіндірмелі әдіс Салыстырмалы жұмыс. (Алдыңғы екі өлеңдегі ой, пікірдің ұқсастық, айырмашылықтарын саралау) |
| Өнерлі иесіне өсиеті, мәнсіз сөзді, мисыз күлкіні сынауы, Есіл өнерді қор етпеу туралы ақылы | Проблемалық сипаттағы сұрақтар Өлеңдегі «әсіре қызыл» деген не? Ақын не айтпақшы болған? «Өнердің қор болуы» «түбі терең сөз артық» деген ойды қалай түсінесің? «Ақын, сөз өнері және тыңдаушы Абай өлеңінде» атты іздендіру бағытында тұжырымды әңгіме- пікір өткізу. Қорытындыда бұл өлеңді алдыңғы екі өлеңмен салыстыра, байланыстыра, отырып әңгімелеу, әр өлеңнің негізіндегі ойды ақын стилін, әр өлеңнің өзіндік ерешелігін саралау |

Оқу мақсаты: «Шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау» болғандықтан, үзіндідегі өлең мазмұнын анықтау тапсырмасын бердім. Оқушылар өлең жолдарына қарай мазмұнына тереңірек талдау жасай алды.

| Өлеңдегі өсиет, ақыл-нақыл сөздер | Өлең мазмұны |
|-------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------|
| Көкірегі сезімді, тілі орамды, Жаздым үлгі жастарға бермек үшін. | Көкірегі ояу жасқа өсиет еттім. |
| Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар, | Сөз қадірін білетін жан |
| Әсіре қызыл емес деп жиренбеңіз, Түбі терең сөз артық, бір байқарсыз | Сөзің мағыналы болсын, сөздің қадірін біл. |
| Өзге түгіл өзіңе пайдасы жоқ, | Құр бос іспен айналыспа |
| Есіл өнер қор болып кетер түзге. | Қолыңнан келетін істі жаса |

Әр шумақта айтылған ойды түсіну үшін «Шумақтардағы негізгі ойды анықтап, өлеңде берілуін көрсет» деп тапсырма берілді. Оқушылар ойды анықтай алып, тілмен қалай көркемделгенін бірден көрсетіп отырды. Бұл да оқушының өз бетінше өлеңді жан-жақты талдай алуына көмектеседі.

| Шумақ реті | Шумақта берілген ой | Тілмен көркемділігі |
|------------|----------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------|
| 1,2 | Өлеңді ермек үшін жазбауы Өлең жазудағы мақсаты | Көкірегі сезімді, тілі орамды, Жаздым үлгі жастарға бермек үшін. |
| 3-5 | Ақындық бағдарламасы Әсіресе, қызыл сөз емес, түбі терең сөз жазу | Сөз айттым "Әзірет Әлі", "айдаһарсыз", Мұнда жоқ "алтын иек, сары-ала қыз". |

| | | |
|---|--------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 6 | Тыңдаушыға қояр талабы, сөз қадірін түсінушілерге сын Сөздің сыртын емес, үшіне үніл | Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей. Өзге түгіл өзіңе пайдасы жоқ, Есіл өнер қор болып кетер түзге. |
|---|--------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

Өлеңде көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру үшін төмендегі кестені толтыру ұсынылды. Оқушылар мәселені анықтай отырып, жазу стиліне де баса назар аударады. Бұл баланың әр ақынның қалыптасқан жазу стилін ажырата алуға үлкен көмегін тигізеді.

| Өлең аты | Өлеңнің көтерген проблемасы | Өлең идеясын ашып тұрған шумақ | Ақынның стилі |
|-----------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| “Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін” | Жастарға үлгі беру Абай ағамыз бұл жерде өлең- менің өмірім.Өлең менім барым деген мақсатта айтып отыр.Яғни,мен өлеңді еріккеннен,ермек үшін жазғаным жоқ,жазбаймында. Менім жан дүнием соны қалайды.Жан дүниемнің қалауымен деп айтып отыр.өзің қаламаған іспен айналыспа. | Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін, Жоқ-барды, ертегіні термек үшін. Көкірегі сезімді, тілі орамды, Жаздым үлгі жастарға бермек үшін. Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар, Көңілінің көзі ашық, сергек үшін. | Ақын өлең сөзді кімге арнауды, кімге айтуды ескертудегі мақсатын “үшін” шылауы арқылы беріп отыр. Сөзін «тасырға айтпай, «көңіл көзі ашық, кекірегі сөзімді», сергек те талаптыларға айтуды қалайды. Талапты ақынның қасиетін көрсетуде қатыстық сын есімдерді шебер қолданады. Оның өсиеті - күле тыңдаған парықсыздарға сөзіңді қор қылма! «Қызшыл», «қызықшыл» әуейілерге жолама! Арсыздық пен ақылсыздықтан, шаруасыздық пен маскүнемдіктен аулақ бол! Өсиетті жеткізуде болымсыздық етістігінің жұрнағын ұтымды қолданған. |

Жаңа білім мазмұнын орта мектепте оқытуда, расымен де Қанипа Омарғалиқызының технологиясы жоғары нәтижеге жетелейтін, жемісті тәжірибе болады деп айта аламыз. Өйткені жаңа білім мазмұнындағы басты философия – оқушыны өмірге дайындау болса, оның түрлі жолдарын апайдың әбиетті оқыту тәжірибесінен толық көре аламыз.

Қорыта айтқанда, Абай шығармашылығын жан-жақты тереңдетіп оқытуда Қанипа Омарғалиқызы еңбектерінің ғылыми әрі әдістемелік жағынан маңызы зор.Себебі адамзаттың Абайдай ірі тұлғасының шығармашылығын жасөспірімдерге оқытып меңгерудің жан-жақты жолдарын іздеп,оның түйінді дәнін тауып оқушылардың бойына дарытуда ұстаздардың бағдаршамындай. Қанипа Омарғалиқызының қазақ әдебиетін оқытуда технологиясы талай жылдар бойы мұғалімдердің басты көмекшісіне айналары хақ.

Пайдаланған әдебиеттер

1. А.Көшімбаев. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. -А: Мектеп, 1969
2. Е.Ө.Жұматаева. Әдебиетті оқытудың кейбір мәселелері. -А: Атамұра, 1999. -112 б.
3. Қ.О Бітібаева. Мектепте Абайды танытудың жаңашыл технологиясы. -А: “Дәуір-Кітап”, 2012.

**Қ.БІТІБАЕВАНЫҢ ӘДІСТЕМЕСІН ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, ОҚУШЫЛАРДЫ
АУЫЗША ЖӘНЕ ЖАЗБАША ТІЛ ШЕБЕРЛІГІНЕ БАУЛУ**

Абилдаева Гулфира Жанабековна
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Шәкірт өмірді көркем шығарма арқылы оқып үйренеді, үлгі- өнеге алады, еліктеу арқылы мінез-құлқын шыңдайды, жеке адам ретінде қалыптасады. Сондықтан да әр мұғалім әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясынан іздену керек.

Қ.Бітібаева әдебиетті "өмір сабағы, өнер сабағы, ой сабағы, ойлану сабағы" – деп біледі. Ол- өзінің әр сабағын кішігірім өнер туындысы дәрежесіне көтеруді мұрат еткен ұстаз. Қанипа - өткір ойы, батыл пікірі, оқу тәрбие процесін жетілдіруде тың серпіні бар, шығармашылық зертханасы қалыптасқан өте іскер жаңашыл мұғалім. Көп жағдайда біз, әдебиетшілер, әдіскер ұстаз Қ.Бітібаеваның «Әдебиетті оқыту әдістемесі», «Әдебиетті тереңдетіп оқыту» т.б әдістеме кітаптарына сүйенеміз. «Оқушыларды тіл мәдениетіне, ауызша және жазбаша тіл мәдениетіне баулу жолдары», «Оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру» тақырыптарымен берілген бөлімдерде оқушылардың дұрыс сөйлей білу үшін, ойын еркін бейнелі сөздермен жаза білуі үшін қолданылатын әдіс-тәсілдердің үлгісін көрсетеді. Өз сабақтарымда Қ.Бітібаеваның әдістемесін қолданамын. Оқушыларды ауызша және жазбаша тіл шеберлігіне баулу мақсатында мынандай жұмыс түрлерін зерделедім. Ендігі кезекте өз іс-тәжірибемде қолданылған жұмыстарыммен бөлісейін.

Мәселен, жұптық жұмыс (8 сынып әдебиеті) «Қорқыт ата кітабы» тақырыбы бойынша Қ.Бітібаеваның «көкпар ойыны» әдісін қолдану арқылы оқушыларды тез ойлануға, сұрақты жылдам құрастыруға үйрете отырып, сұрақ қоюда және жауап беруде тіл шеберлігіне баулу.«Көкпар ойыны» Бұл тапсырмада «көкпарға» екі оқушыдан шығады. Көкпарға «тартылатын» көркем туындылардан құрастырылған тапсырмалар жазылған үлестірме қағаздар беріледі. Жауап лезде берілу керек.

1-2 оқушы-талқылаушы

1. «Қорқыт ата кітабы» жырына қатысты 3-4 сұрақ құрастыр.
2. Сыныппен бөлісе алатындай өз тобының жауаптарын жаз.

3-4-оқушы-белгілеуші

1. «Қорқыт ата кітабындағы» сюжеттік желіні, пролог, эпилогты анықта.
- 2.Бөліктерді дауыстап оқы және оларды талқылауға 2 тура,1 жанама сұрақ құрастыр..

5-6-оқушы-байланыстырушы

1. «Қорқыт ата кітабындағы» автор көтерген мәселе мен шынайы өмір арасындағы байланыстарды тап. Бұған өзінің жеке өмірінен, басқалардың өмірінен, күнделікті жаңалықтардан, теледидар бағдарламаларынан дәлелдер келтір.
- 2.Оларды тізіп жазады, жұбымен бөлісіп талқылайды.

7-8 -оқушы-қорытындылаушы

- 1.«Қорқыт ата кітабы» жырларының тақырыбын, идеясын, автордың айтайын деген ойын қорытындыла.
2. Маңызды жерлерін атап көрсет. Оларды қорытындыдан бөлек жаз.

9-10-оқушы-суреттеуші

- 1.«Қорқыт ата кітабы» бойынша нақты оқиғаларға қатысты суреттерді сәйкестендір.
- 2.Суретті сәйкестендіргеннен кейін сараптама жаса, мағынасын түсіндір.(жұптық жұмыс жасауға /5 минут уақыт белгіленеді.)

Осы модельге түсінік беретін болсақ:

- оқушыны ауызша әдеби сөйлеуге үйрету;
- ойын ауызша-жазбаша келістіріп, жүйелі де дәлелді баяндай білуге үйрету;
- өзінің жеке өмірінен, басқалардың өмірінен, күнделікті жаңалықтардан, теледидар бағдарламаларынан дәлелдер келтіре отырып,өмірмен байланыстыра отырып шынайы сөйлеуге.

Топтық жұмыс құру «Күй аңызы» әңгімесі бойынша инсценировка құрастыр .Топқа оқушыларды оқу құралдары арқылы бөліп аламыз.

1 көрініс: Өнерлі бала сүйкімді (Естемес пен Оразымбеттің сөйлеу тілінен үзінді)

2 көрініс: Өнер білсең – өлмейсің (жапанда қалған нарды автордың суреттеу тілінен)

3 көрініс: Өнерлінің қолы алтын (Естемес күйшінің қолқа салуы туралы)

Оқушыны ауызша сөйлеуде неге баулимыз:

- көркем шығарманың идеологиялық, эмоциялық, адамгершілік, өміртанытқыштық ішкі қуаты оқушы игілігіне оның өзіндік «мені» жеке түйсігі мен тәжірибесінен өтуге;
- шәкірттің ойлау қабілетін дамытуға оқытудың проблемалы сипатта болуының ерекше әсері;
- проблемалық оқу – оқушыға беретін білімнің бәрін мұғалімнің өзі баяндап бермей, олардың алдына сұрау салып , мәселе қойып , соны өздігінше шешуге бағыттау;

Жазбаша тіл шеберлігіне баулу

Шығарманы оқып шығып, Б.Момышұлының балалық шағы мен қазіргі заман балаларының өмірін берілген кесте бойынша жазыңыз а.

| Оқушының болжамы | пікірі | азаматтық позициясы |
|-------------------------|---------------|----------------------------|
| | | |

Оқушыны жазбаша тіл шеберлігінде неге баулимыз:

- жеке тұлғаның сыни көзқарасын;
- аналитикалық ойлау қабілеттерін, логикасын дамыту;
- өзін-өзі тану, өзіне-өзі сын көзімен қарау, өз мүмкіндіктері мен іскерліктерін тани білуге, өзіне деген сенімінің нығаюына ықпал ету;
- тәжірибе мен білімдерін жаңа мақсатқа пайдалана білуге, дәлелдемелер келтіруге дағдыландыру;
- өз шығармашылық іс-әрекеттері арқылы интеллектілерін дамыту;
- сауаттылық, жазу мәдениеті, әдеби тілдерінің дамуына ықпал ету.

Қ.Бітібаеваның құзырлықты қалыптастыруға бағдарланған әдістемесі,технологиясын қолдана отырып, оқушыларды ауызша және жазбаша тіл шеберлігіне баулу мақсатта мынадай тапсырма ұсынылады.

«Ұшқан ұя» повесінен қазақ ұлтына тән көрініс тапқан құндылықтарды зерттеу, іздену жұмыстарын жүргізіп, кіші зертханадағы жоба қорғандар

I зертхана тобы: «Атадан- өсиет, ...»

Проблема: болашақ батырдың ең алғаш дүниетануына, мінез-құлқының жастай қалыптасуына, адал,табанды, ержүрек болуып қалыптасуына игі әсер еткен-атасының тәліміне тұжырымдама беріңіз...

II зертхана. «Әжемді тыңдағаным,өзімді танығаным...»

Проблема: Б.Момышұлының Қызтумас әжесінен алған тәлім-тәрбиесін тауып, шындалған даналық ұғымдарына тұжырымдама жасаңыз...

III зертхана. «Әке жүрегі таудан үлкен,ана жүрегі теңізден терең...»

Проблема: шығармадағы ата-ана өлі мен қазіргі өмірдегі ата-ана рөлінен айырмашылығы мен ұқсастықтарын салыстыра отыра іздену жұмыстарын жүргіз...

Оқушыны неге баулимыз:

- оқушы субъект, өзін-өзі дамыта алады;
- баланың қабілетін, дарынын дамытуға ықпал жасайды;
- білім дайын күйінде емес, бала-тыңдаушы, мұғалім-информатор емес. Керісінше, бала-зерттеуші, ізденуші, жаңалық ашушы. Мұғалім іс-әрекетін ұйымдастырушы.
- басты іс-әрекет диалог, пікірлесу, пікірталасы.
- мұғалім қызметі диалогты ұйымдастырушы, бағыт беруші, бір мақсатқа жұмсаушы;
 - Оқушы жоба жазуға төселеді
 - Өз бетінше даналық ойдан дән іздеуге
 - Әр жағдаяттан құндылық табуға,

- Проблеманы өздігіне шеше алуға баулу.

Қорыта айтқанда, Қ.Бітібаеваның әдістемелік технологиясы оқушы мен мұғалім іс-әрекетін алгоритмдеуге құрылады, сабақтың кезеңдеріндегі негізгі технологиялық тізбектер жүзеге асырылады. Яғни, нақты мақсаттар жүйесі, психологиялық жағдайлар, дискуссия, жаттығу, топтық, жұптық жеке, жұмыс іске асырылады.

Осы орайда, Қанипа Омарғалиқызы ұсынған жәрмеңке-сабақ, реферат қорғау сабағы, көкпар сабағын, викториналы сайыс, әдеби монтаж, конкурс сабақтар ұлттық саз өнерін тереңдетіп берудің, баланы жалықтырмай, керісінше, қызығушылығын арттырып, шығармашылық қабілетін, құзіреттілігін қалыптастырудың жолдары. "Бәрін айт та бірін айт" дегендей, бағдарлама - әдістемелік нұсқау оқыту талабының бір ізге түсуіне, технологиялық жағынан баюына, ұстаздардың шеберлік шыңдалуына, өсуіне әсер еткендігін ашып айтқан абзал. Телегей теңізді қасықтап, шөміштеп қотарып шығу мүмкін емес. Сол сияқты мұндай мәнді еңбекті қанша жырымдап, үзіп-жұлып көлденең тартқанмен, бүкіл негізгі қасиеттерін жеткізу оңай шаруа емес. Мұндай қомақты дүниені бөліп-жармай, тұтас зерттеген жөн. Біз өз тарапымыздан кітаптың кейбір сипаттарын ғана сөз еттік. Бір түйгенім Қанипа Омарғалиқызының еңбегінен - ақ телегей теңіз білімін, интелекті биіктігі мен ойының тұңғық тереңдігін сезінгендей боласың.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қ.Бітібаева «Қазіргі қазақ әдебиетін тереңдетіп оқыту [36-136]
2. Қ.Бітібаева, Г.Құдайбергенова, М.Мұқашева Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы [107] [58]

ҚАНИПА БІТІБАЕВАНЫҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНДА ҚОЛДАНУ

Ибраимова Т.Б
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Мұғалім көп болғанымен, нағыз ұстаз деген атауға ие боларлық адамдар санаулы ғана. Нағыз ұстаз есіміне лайық жандардың бірі, есімі аңызға айналған, жаңашыл ұстаз – Қанипа Бітібаеваның ұлағаты қазіргі таңда республика көлемінде ұстаздарға үлгі-өнеге мектебі болып отыр. Қазақстанның Еңбек сіңірген мұғалімі, КСРО Мекмлекеттік

сыйлығының лауреаты, қазақ мектептерінде әдебиетті оқытудың жаңа жүйесін қалыптастырған Қанипа Омарғалиқызы – өткір ойы, батыл пікірі, оқу тәрбие процесін жетілдіруде тың серпіні бар тұлға. Республика аймақтарында шығармашылық зертханасы қалыптасқан, дәуір анасына айналған әдіскер мұғалім екені белгілі.

Астана қаласында 2011 жылы №64 мектеп-лицейінде Қ.О.Бітібаеваның ғылыми-әдістемелік зертханасы ашылып, апайдың өзінің қатысуымен бірнеше қалалық және республикалық оқу семинарлары мен ғылыми конференциялары ұйымдастырылды. Қазіргі кезде де мектебімізде оқушылар мен мұғалімдердің өзіндік ғылыми ізденістерін ұйымдастыруда зертхана бөлімшесі жан-жақты жұмыс жүргізуде. Өзім де осы мектептің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі ретінде Қанипа Омарғалиқызының әдістемесі мен қазақ тілі мен әдебиетін оқыту технологиясын үнемі бағдаршам етіп ұстанамын.

Қ.Бітібаеваның «Оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына баулу жолдары» атты еңбегі әсіресе оқушыларды ғылыми-зерттеу жолындағы ізденіске баулудың түрлі әдістері жан-жақты ашылған еңбек деп ойлаймын. Қ.Бітібаева оқушыларды зерттеу жұмыстарына баулығанда мынадай ұстанымдарды жетекші бағыт етіп қолданғанын байқаймыз.

1. Оқы, еске ұста, үлгі ал...

2. Өзінді-өзің оқыт, өзінді-өзің таны, өзінді өзгеге таныт

3. Өзің ойлан, өзің ізден, өзің шеш...

4. Өзінді тану үшін өзінді-өзің тірбиеле

Сонымен қатар, өзінің «Ой тастау, ойлану, ойланту» технологиясында көрсеткендей, жобалау, проблемалық сұрақтармен жұмыс әдістерін де оқушыларды ғылыми зерттеу ізденістеріне баулуда жиі қолданамын.

Жобалау әрекетінің өзі – мұғалімнің жаңа әдістерді өз тәжірибесіне енгізудің жаңа үлгілерін, оқушылардың өз бетімен білім алуына негіз болады. Сондықтан мен де ғылыми-зерттеу жұмысының өзіне оқушыны сабақ барысы арқылы алып келемін. Ең алдымен ғылымға, ізденіске икемді, қабілетті баланы танып, білуге тырысамын. Балаларға зерттеу, іздену бағытындағы проблемалық тапсырмалар жүйесін ұсынамын.

Зерттеу тақырыбы проблемалардан туындайды дедік. Мысалы, Абайдың сыншыл реализімін тудырған проблеманы ол өмір сүрген дәуірден іздеуге болады. Қоғамның өзекті мәселесі Абайдың сыншыл, шыншыл шығармаларын өмірге әкелді. Соны дәлелдеу, оған жауап беру, шешу мақсат болып табылады. Егер осы проблеманы өзекті еткенде оны шешу жолдары туындайды.

Қандай ғылыми жұмыс болмасын, ол өзекті мәселелерден туындайтыны сөзсіз. Бұрынғы би-шешендеріміз өмір сүрген дәуірге үніліп қарасақ, тіпті айналамызға, құбылыстарға, оқып жүрген пәндерге үңіле қарасақ, көптеген мәселелерді табуға болады. Өзекті мәселені іздеудің ең оңтайлы жолы – бір нәрсені әр түрлі жағынан көре білу; дайын тұжырымдардың өзіне де сыни көзқараспен қарау, басқа шешімін іздеу, оны табуға еңбектену болып табылады.

Зерттеу жұмысы – шығармашылық үрдіс екені мәлім.

«Бұрынғы тарихымызға, салт-дәстүрімізге, заңнамаларымызға шолу жасап, оқушыларға бірнеше нұсқада тақырыптар таңдап келуін тапсырдым. Екі оқушым өз нұсқаларында бірнеше тақырыптар ұсынды. Соның ішінде «Бұрынғы би-шешендердің заңнамалары мен қазіргі таңдағы заң» тақырыбын өзекті деп танып, шығармашылық ізденісімізді бастап кеттік. Нәтижесінде төмендегідей жұмыстар жүргізілді.

-Зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттер тізімін жасадық. Бірнеше ғылыми жұмыстарға үңілдік.

-Ғалымдардан ақыл-кеңес сұрадық.

-Тақырыбымызға қатысты бірге кино, телехабарлар көріп, тыңдадық.

-Ғаламторға жүгіндік.

-Үнемі бағамдау, байқау, іздеу, жинақтау жұмыстарын жүргіздік

-Тәжірибе жүргізіп, оның барысын, нәтижесін жүйелі түрде талдап отырдық.

-Күнделік жазып, жұмысымызды жазбаға түсірдік.

-Қорытынды жасадық.

-Жұмысты қорғауға дайындалдық.

Қорғау жұптық жұмыстан құралды. Жоба қорғауда оқушылар мынадай тақырыптарды қамтыды: Ертедегі қазақ би-шешендерінің шығарған заңдары, ерекшеліктеріне тоқталды, Төле бидің соттық шешімдері және қазақтың әдет - ғұрыптық құқығын талдады, Төле бидің биліктеріне талдау, Тәуке ханның жеті жарғысы және қазіргі таңдағы Конституциядағы әдет-ғұрыптық құқықтары мен ертедегі би-шешендердің әдет-ғұрып құқықтарын салыстырды.

Соның біріне тоқтала кететін болсам.

«Жеті Жарғының» біз әр тарауының мазмұны мен қазіргі қолданып жүрген заңдарымыз — кодекстермен салыстырып, талдауды жөн көрдік.

Қорытындылай келе, жоғарыда айтып өткенімдей оқушыны ғылыми жұмысқа баулудың өзі сабақ барысындағы мәселе тудырып отырған тақырыптар арқылы туындайды дедік. Ал сол ізденіске құштар ұрпақтардың сапалы білім, саналы тәрбие алуына қазақ сөз өнерін оқытатын ұстаздардың қызметі айрықша бағалылығымен ерекшеленеді. Тәуелсіз елімізде ұлттық сөз өнерін оқыту мен жас ұрпақ тәрбиелеуде ерекше еңбек еткен Қанипа Бітібаеваның технологияларын, ғылыми-зерттеу жұмысына баулу жолдарын, әдіс-тәсілдерін ұтымды қолдансақ, «Оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына баулу жолдары» атты мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқауды негізге алатын болсақ, болашағы жарқын, келешегі кемел тұлғалар тәрбиелейтінімізді үлкен үмітпен, зор мақсатпен айрықша айта аламын.

САБАҚ ҮЛГІЛЕРІ МЕН ТҮРЛЕРІНДЕГІ ТІЛ ДАМУ ЖҰМЫСТАРЫ

Астана қаласы әкімдігінің
«№60 мектеп-лицейі» ШЖҚ МКК
Қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі
Макадиева Гаухар Кабылкановна

Аңдатпа

Мақалада қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен тіл дамыту жұмыстарын педагог Қ.Бітібаеваның әдістемесі негізінде жүзеге асыру жолдары қарастырылады. Тіл дамыту жұмыстары ретінде сөздік жұмысы мен ақпаратты құрылымдау құралы менталды

картаны тиімді қолдану мүмкіндіктері баяндалады. Сабақ үлгілері мен түрлерінде тіл дамыту жұмыстарын ұйымдастырудың нәтижесі зерделеніп, ақыл – ой карталарын құрастыруға арналған бағдаламаларға түсініктеме беріледі.

Түйін сөздер: тіл дамыту, сөздік жұмысы, менталды карта, сабақ түрлері

Сабақ үлгілері мен түрлерінде оқушылардың ұстаздық еңбектің психологиясы күрделі және жауапты екенін айта келіп, нағыз ұстазға тән қабілет, қасиеттерді ойшыл, ғалым- педагог М. Әуезов былайша тұжырымдайды. «Ең алдымен эрудиция; әр жастағы баланың даму ерекшеліктеріне сай келетін тәрбиенің тиімді жолдарын таба білу; баламен тіл табыса білу шеберлігі; ақыл-парасаттың мол болуы; оқу мен тәрбиенің жаңа методтарын практикаға батыл енгізу; оқушылардың ықыласы мен сеніміне бөлену; ұйымдастырушылық қабілетті қалыптастыру. Міне осындай қабілет-қасиеттерді өз бойына жинаған мұғалім ғана – нағыз ұстаз бола алады», — дейді. Бұл тұрғыда қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың тың, инновациялық технологиясын енгізіп, жас ұрпаққа ана тілінің құдіреті мен қасиетін дарытуды ту еткен ұлы ұстаз Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның бүкіл ғұмырын арнаған, болмысымен ұстаздық еткен еңбек жолынан табамыз. Қанипа Бітібаева – қазақ әдебиетін оқыту әдістемесін жетілдіруге айрықша үлес қосқан педагог-ғалым. Ұлт ұстазының әдістемсі оқушылардың тіл байлығын арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған. Қазақ тілі мен әдебиеті сабағындағы тіл дамыту мәселесі автордың еңбектерінде жүйелі түрде талданған.

Орыс тілінде оқитын оқушылар үшін қазақ тілі мен әдебиеті сабағындағы тіл дамыту жұмыстарының мақсаты – оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, сауатты жазу мен сөйлеу дағдыларын жетілдіру бағытында жүргізілетін жүйелі жұмыс. Сонымен қатар оқушының жүрек түкпіріндегі рухани қазынасын жарыққа шығару, әрбір баланы жеке тұлға ретінде оның бойындағы құндылықтарды дамыту. Себебі, тілдің ұлттық құндылық ретінде рөлі өте маңызды. Ол халықтың дүниетанымын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрыптарын сақтау мен жеткізудің құралын атқарады.

Орыс сыныптарында тіл дамыту жұмыстарын тиімді ұйымдастыру үшін, педагогика мен әдістеме саласындағы ғалымдардың зерттеулері мен тәжірибелері үлкен мәнге ие. Осыған байланысты жаңашыл педагог Қ.Бітібаеваның оқыту әдіс-тәсілдері қазіргі оқу орыс тілінде жүретін мектептерде қазақ тіл мен әдебиеті пәні бойынша тіл дамыту жұмыстарын нәтижелі ұйымдастыруға қол жеткізетін құрал. Ендігі кезекте Қ. Бітібаеваның әдістері мен тәсілдерін басшылыққа ала отырып, сабақ үлгілері мен түрлеріндегі тіл дамыту жұмыстарын жаңаша ұйымдастыруды қарасырайық. Бұл ретте оқушы тілін дамытуда атқарылатын жұмыстың ең негізгі түрі – сөздік жұмысын жүргізу. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың тілін дамыту өткен сабақтарда үйренген сөздерді жаңа сабақпен байланыстыра, сол сөздерді қайталап, жаңа сөздермен бірге ауызша, жазбаша сөйлем құрастыру аса маңызды. Жалпы сөздік жұмысын мақсатты түрде жүргізетін мұғалімдердің жұмыстарында туындайтын мәселелер де аз емес. Енді осыған тоқталып өтсек:

- Сөздік жұмысын көп жағдайда біз ауызша жүргіземіз;
- Сөздердің грамматикалық тұлғалары белсенді қолданылмайды;
- Жазбаша сөздікпен жұмыста оқушымен жеке, дара жұмыстарды ұйымдастыру ескерілмейді;
- Мектеп бағдарламасы бойынша арнайы сөздікпен жұмыс дәптерінің жоқтығы;
- Оқулық соңында берілген сөздіктің тақырып бойынша көлемінің аздығы.

Осы туындаған мәселелерге байланысты қазақ тілі мен әдебиеті сабақ түрлеріне байланысты мынандай сөздік жұмыстары оң нәтижеге бере алады; тілдік нормаларды меңгерту (сөздерді дұрыс жазу, сөйлемде қолдану); сөз мағыналарын талдау (синонимдер, омонимдер, антонимдерді анықтау); морфологиялық талдау

жасау (сөздердің түбірі мен қосымшаларын ажырату); көркем шығармалармен жұмыс (жаңа сөздерді анықтап; олардың көркемдік рөлін түсіндіру); әдеби кейіпкерлердің тілі (кейіпкерлердің сөздік қорын талдау арқылы сөздердің стильдік ерекшеліктерін көрсету); мәтін мазмұнына байланысты сөздік жұмысы (мазмұндағы бейнелі сөздер мен тұрақты тіркестерді талдау). Сол үшін сабақ үлгісінде сөздік жұмысының мақсаты мен тиімділігін дұрыс анықтап алу маңызды. Педагог- әдіскер Қанипа Бітібаеваның инновациялық әдістеріндегі ғылымға негізделген тірек- кестелері осы мәселені оңтайлы шешуге, уақытты үнемдеуге көмектеседі.

Қазіргі таңда орыс сыныптарында қазақ тілін оқыту – ұлттық білім беру жүйесінің маңызды бағыттарының бірі. Сабақ үлгілерінде тіл дамыту жұмысын ұйымдастыру барысында менталдық ақпараттық құралдарды қолдану заманауи білім беру әдістемесінің маңызды бөлігі болып табылады. Бұл тәсіл оқушылардың когнитивті және тілдік дағдыларын жетілдіруге, сабақ процесін интерактивті және тиімді етуге ықпал етеді.

Менталды карталар – тақырып немесе идеялар арасындағы байланыстарды графикалық түрде көрсететін құрал болып есептеледі. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында менталды карталарды қолдану оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, сөздік қорын байытуға, тілдік құрылымдарды түсінуге және шығармашылық қабілетін арттыруға көмектеседі.

Карталарды қолданудың тиімділігі.

1. Көрнекілік: Ақпаратты графикалық түрде ұйымдастыру оқушылардың жаңа сөздер мен ұғымдарды жақсы түсініп, есте сақтауына ықпал етеді.
2. Құрылымдық ойлау: Оқушылар ақпаратты логикалық түрде байланыстырып, сөйлем немесе мәтін құрастыру дағдысын дамытады.
3. Шығармашылықты арттыру: Оқушылар өз идеяларын визуалды түрде көрсету арқылы шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдіреді. Ақыл-ой карталарын құруға мүмкіндік беретін әртүрлі бағдарламалар мен қосымшалар бар.

   **XMind** **XMind**: Онлайн карта құрастыруға арналған бағдарламалар.

Miro: Топтық жұмыс үшін қолдануға ыңғайлы.

Google Docs:  **draw.io**  **MindOnMap** Менталдық карталар қарапайым және қолжетімді құрал.

Педагог- әдіскер Қанипа Бітібаеваның ғылыми әдістемелік еңбектерінің жаңашылдығы орыс тілі сабағында сабақ үлгілері мен түрлеріндегі тіл дамыту мақсатында сөздік жұмыстарын жүргізу және ақпараттық құрылымдау құралы- менталдық карталарын құрастыруға негіз болды.

Қанипа Бітібаева – қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту әдістемесіне зор үлес қосқан ұлағатты ұстаз, жаңашыл педагог. Ол сабақ беру тәсілдерін жетілдіріп, тіл дамыту жұмыстарын тиімді ұйымдастырудың түрлі әдістерін ұсынды. Оның әдіс- тәсілдері қазіргі заманғы білім беру жүйесінде де өзектілігін жоғалтпай келеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бітібаева Қ.О. Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы. Бірінші кітап. 5—11-сынып мұғалімдеріне арналған әдістемелік құрал — Алматы: «Дәуір - Кітап» баспасы, 2012.
2. Бітібаева Қ.О. Әдебиетті оқыту әдістемесі — Алматы: «Рауан», 1997.
3. Макадиева Г.К. Сөздік жұмысы дәптері — Алматы: «Мемлекеттік тілдерді дамыту институты», 2013.

4.Менталдық карта ақпаратты құрылымдаудың құралы — Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016.

ӘНГІМЕ ЖАНРЫН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

(Қ.О. Бітібаеваның «Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы» бойынша)

Астана қаласы әкімдігінің
«Шейх Тәммим бен Хамад әл-Тәни атындағы
№85 мектеп-лицей» ШЖҚ МКҚ
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Амангелдинова Айгуль Кабдешова

Қ.О. Бітібаеваның «Әңгіме жанрын оқыту әдістемесі» тақырыбы әдебиет пәні мұғалімдеріне арналған маңызды еңбек болып табылады. Бұл әдістемелік нұсқаулықта

әңгіменің әдеби жанр ретінде сипаттамасы, оның түрлері мен ерекшеліктері, сондай-ақ оқушыларға әңгіме жанрын тиімді түрде үйрету әдіс-тәсілдері қарастырылады. Әрбір мұғалім үшін бұл еңбектің құндылығы – әңгіме жанрына қатысты теориялық білім мен практикалық дағдыларды біріктіріп, оны оқыту процесінде қалай қолдану керектігін көрсетеді.

Әңгіме жанрын оқыту әдістемесінің негізгі аспектілері:

1. Әңгіме жанрының ерекшеліктері:

- Әңгіме әдеби жанр ретінде қысқа да, нақты оқиға, бір немесе бірнеше кейіпкердің іс-әрекеті мен сезімдері арқылы адам болмысының бір сәтін бейнелейді.

- Әңгімелерде оқиға құрылымы қарапайым болып, негізгі идея мен түйінді мәселеге шоғырланады.

2. Әңгіме жанрының түрлері мен олардың сипаттамасы:

- Шығармашылық әңгімелер: Мазмұны қарапайым, бірақ шығармада адам өмірінің маңызды мәселелері қарастырылады.

- Психологиялық әңгімелер: Кейіпкердің ішкі әлеміне үңіліп, оның сезімдері мен ойлары, өмірдегі орнын түсінуге тырысады.

- Әлеуметтік әңгімелер: Қоғамдық мәселелер мен әлеуметтік жағдайлар әңгіме арқылы сипатталады.

3. Әңгіме жанрының құрылымын түсіндіру:

- Оқушыларға әңгіменің басталуы, даму кезеңі, шиеленіс және шешім бөлігімен таныстыру.

- Шығармаға дұрыс талдау жасау үшін оқушыларды мәтінді мұқият оқу мен құрылымдық элементтерді анықтауға үйрету.

4. Әңгіме жанрына тән тілдік құралдар мен стиль:

- Әңгімеде қолданылатын қарапайым және бейнелі тіл, оның сөздік қорын байыту.

- Әдеби тілдің ерекшеліктері мен тәсілдерін көрсетіп, оқушыларды шығармашылық тіл дамытуға ынталандыру.

5. Оқушыларға әңгіме жанрын меңгерту әдістері:

- Әңгіме жазу, оны талдау және өз ойларын еркін жеткізу дағдыларын дамыту.

- Шығармадағы кейіпкердің іс-әрекеті мен мінез-құлқына баға беру.

- Оқушыларға әңгіме жанрын оқыту кезінде түрлі тапсырмалар мен топтық жұмыстар, сондай-ақ шығармашылық жұмыстар ұйымдастыру арқылы жанрды тереңірек түсінуге бағыттау.

6. Әңгіме жанрының оқушылардың көркем сөз өнеріне деген қызығушылығын арттырудағы рөлі:

- Әңгіме жанры оқушының эстетикалық талғамын дамытуға және әдебиетке деген қызығушылығын оятуға ықпал етеді.

- Әңгіме арқылы оқушылардың адамгершілік, моральдық құндылықтарды түсінуі мен тәрбиеленуіне септігін тигізеді.

Қ.Бітібаева әдістемелік тәсілдері негізінде әңгіме жанрын оқыту барысында әртүрлі әдістер мен мысалдарды қолдануға болады. Әңгіме жанрын оқыту үшін маңызды тұжырымдар мен әдістемелік тәсілдерге тоқталайық.

1. Әңгіме жанрының ерекшеліктерін түсіндіру:

Әңгіме – қысқа прозалық шығарма, онда бір оқиға немесе әрекет баяндалады. Оқыту барысында, алдымен әңгіме жанрының құрылымы мен ерекшеліктеріне тоқталу қажет.

Әдістемелік тәсілдер:

- Әңгіме жанрының анықтамасы: Әңгіме – шағын көлемде, бір оқиғаға, кейіпкердің іс-әрекетіне негізделген шығарма.

- Құрылымы: Әңгімеде көбіне тек бір басты оқиға немесе ситуация сипатталады. Мұнда бастама (екпін түсіретін элемент), шиеленіс, шешім сияқты негізгі элементтер болуы тиіс.

- Мазмұндық ерекшеліктері: Әңгімеде кейіпкердің мінезі, оның өміріндегі өзгерістер немесе маңызды шешімдер арқылы идея мен тақырып ашылады.

2. Әңгіме жанрын оқытудың кезеңдері

1. Әңгіме жанры туралы түсінік беру:

Әңгіме жанры туралы толық түсінік беру үшін, оның құрылымы мен негізгі элементтеріне тоқталыңыз:

- Оқиға басталуы (экспозиция) — негізгі мәселе немесе жағдай көрсетіледі.
- Шиеленіс — оқиға дамиды, кейіпкер қиын жағдайға тап болады.
- Шешім — жағдайдың шешілуі немесе нәтижесі баяндалады.

2. Оқушыларды оқиғалардың дамуы мен кейіпкерлердің мінезін талдауға үйрету:

Әңгімелерді талдай отырып, кейіпкерлердің әрекеттерін, олардың эмоцияларын, ойлары мен шешімдерін түсінуге бағыттау керек. Әр оқиғада кейіпкердің ішкі дүниесі маңызды, сондықтан оларға терең талдау жасау қажет.

3. Әңгіме жазуға арналған тапсырмалар:

- Жазылым: Оқушыларға белгілі бір тақырып беріп, өз әңгімелерін жазуға тапсырма беру. Мысалы, «Сенің өміріндегі ең қызықты оқиға», «Менің кішкентай достарым» т.б.
- Қысқа әңгіме жазу: Оқушыларға оқиғалар мен диалогтарды пайдаланып, қысқа әңгіме жазуды үйрету.

3. Әңгіме жазудағы шығармашылық тәсілдер

- Қиялды дамыту: Әңгіме жазғанда қиял мен шығармашылықты дамыту үшін оқушыларды ойлау қабілеттерін шектеуге болмайды. Оларға еркін тақырыптар, түрлі жағдайлар мен қиындықтар қою арқылы шығармашылық ойларын дамытуды ұсыну.
- Диалог пен баяндауды қолдану: Әңгімеде оқиға көбіне диалогтар мен ішкі монологтар арқылы баяндалады. Бұл тәсілді дұрыс қолдануды үйрету қажет.
- Әңгімедегі стиль: Әңгіме жазуда жеке стиль қалыптастыру үшін оқушыларға түрлі стильдер мен жанрларды көрсету, әртүрлі авторлардың шығармаларымен таныстыру.

4. Мысалдар мен оқу материалдары

Қ.Бітібаева әдістемесінде мысалдарды оқу мен талдау арқылы да оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттыруға болады. Әңгіме жанрының үлгісі ретінде төмендегідей шығармаларды қолдануға болады:

- Мұхтар Әуезовтің «Қараш-қараш оқиғасы» — бұл әңгіме жанрының тереңдігі мен философиялық тұрғыдан ашылуын көрсету үшін жақсы мысал.
- Шығарма мысалдары: Қ.Бітібаеваның өз шығармаларынан немесе қазақ әдебиетінің басқа авторларынан әңгімелерді талдау арқылы жанрдың негізгі ерекшеліктерін түсіндіруге болады.

5. Әңгіме жанрын оқытудағы тапсырмалар

- Әңгіме құрастыру: Тақырып бойынша әңгіме жазып шығу немесе белгілі бір сюжеттен әңгіме жасау.
- Талдау: Белгілі бір әңгімені талдау арқылы оның құрылымын, оқиғаларды, кейіпкерлерді және олардың іс-әрекетін талдау.
- Кейіпкер мінезін ашу: Оқушыларға әртүрлі кейіпкерлерді таңдап, олардың мінездерін ашатын қысқа әңгіме жазуды ұсыну.

6. Оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер

- Жеке жұмыс: Оқушыларға жеке тапсырмалар мен жаттығулар беріп, олардың өз ойларын, шығармашылықтарын дамыту.
- Топтық жұмыс: Оқушыларды топтарға бөліп, топтық талқылаулар мен шығармашылық жұмыстар жүргізу.
- Сұрақ-жауап әдісі: Әңгіме бойынша сұрақтар қою, оқушылардың түсінігін тексеру.

Қ.Бітібаева әдістемесінде әңгіме жанрын оқыту кезінде әдеби шығармашылық пен талдау жұмыстарын үйлестіру өте маңызды. Оқушыларға жанрды жан-жақты түсіндіріп, шығармашылық тапсырмалар мен талдаулар арқылы әдебиетке деген қызығушылықтарын арттыруға болады.

Қ.О.Бітібаева ұсынған әдістеме оқытушыларға шығармашылық тұрғыдан жұмыс істеп, оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттырып, олардың ойлау қабілетін дамытуға бағытталған.

Бұл әдістемелік еңбекте оқушыларға әңгіменің жанрлық ерекшеліктерін тереңінен түсіндіру, оны талдау, сондай-ақ оқушының шығармашылық қабілетін дамытуға арналған нақты әдіс-тәсілдер ұсынылған.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Бітібаева Қ.О. Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық технологиялары. Бірінші кітабы – Алматы: Дәуір -Кітап, 2012. 314 б.
2. Бітібаева Қ.О. Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық технологиялары. Екінші кітабы – Алматы: Дәуір -Кітап, 2012. 312 б.
3. Бітібаева Қ.О. Қазақ тілі пәнін оқыту технологиялары: теория мен тәжірибе. – Алматы: Білім, 2010.
4. Бітібаева Қ.О. Педагогикалық технологиялар мен инновациялар. – Алматы: Қазақ университеті, 2012.
5. Бітібаева Қ.О. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың жаңа технологиялары. – Алматы: Дарын, 2015.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА БАТЫРЛАР ЖЫРЫН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫ БОЙЫНА АДАМГЕРШІЛІК ҚАСИЕТТЕРДІ ДАРЫТУ

Даривхан Нургул

Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі,
филология ғылымдарының магистрі
nurgul.darivkhan@gmail.com

АҢДАТПА

Батырлар жыры – ауыз әдебиетінің маңызды да күрделі жанры. Ауыз әдебиетінің арналы саласы болған батырлар жыры ұлттық әдебиетіміздің көркем де бай мұрасы екені белгілі құбылыс. Батырлар жыры арқылы халқымыздың ғасырлар бойғы тарихы мен

шежіресін, ерлігі мен көзсіз батылдығын аңғарамыз. Батырлар жыры ерлік пен елдікті, жігер мен намысты, Отансүйгіштік пен ұлтжанылықты жырлайтын ұлттық әдебиетімізегі көне мұра. Батырлар жыры жас ұлан мен жас өспірімдерге өмірдің ең қымбаттысы, ең асылы – жақсылық пен ізгіліктің, ерлік пен батырлықтың, адалдық пен әділдіктің ұрығын себеді.

Кілт сөздер: батырлар жыры, ауыз әдебиеті, жанр, тарих, ерлік, адамгершілік, технология

Заманымыздың заңғар жазушысы Ғ.Мүсіреповтің «Әдебиет деген- адамгершілікке сүйіспеншілік деген сөз. Өйткені шын мәніндегі көркем әдебиет- азаматтық терең ойдан, адамгершілік асыл идеялардан, биік парасаттан туады»- деген сөздері әдебиеттің ізгілік пен адамгершіліктің жолындағы асыл құрал екенін айшықтай түскендей[1].

Әдебиетті оқытудың басты мақсаты- оқушыларды сөз өнерінің қыр- сырымен таныстыру, халық даналығы, халық өсиеттерінен нәр алғызу, кітапқа деген ынтасын ояту, халқымыздың рухани байлығы саналатын- әдебиетті жан- жақты игерту, сол арқылы адамгершілікке тәрбиелеу. Мектепте оқылатын қай пәнді алсақ та, ол білім мен тәрбие беруде үлкен роль атқарады. Соның ішінде әдебиет пәнінің ауқымы, мүмкіндігі, маңызы да ерекше болып келеді. Әдебиет пәні-тұлғаны жан-жақты танудың пәні, оқушыны жан-жақты дамытудың, терең ойлантудың пәні. Оқушылар әдебиет сабағында сезімге беріледі.

Әдебиет – ұлттық танымның қайнар көзі. Мен қазақ тілі маманы ретінде тәжірибемде кездесіп жататын кейбір тұстарға тоқталып өткім келеді. Ұстаз- өз білімін жетілдіріп, толықтыра отырып қана оқушыға білім бере алады. Қазіргі заманғы ұстаз - уақытпен бірге жаңарып, толықсып келе жатқан, озық технологияларды жан-жақты меңгерген білікті ұстаздар. Олардың алдындағы үлкен мақсат- оқушы бойына өзінің бойындағысын сіңіру. Сондықтан да, мен де өз мамандығымның шырқау биігіне жету үшін үнемі ізденуді қажет етемін. Әдебиетті оқыту жолдарының қыр - сырымен танысамын. Менің тәжірибемде 5-сынып оқушыларына көлемді шығармаларды қалай оқыту керек? -деген қиыншылықтар көп кездесетін. Бұл сұрағыма жауапты ҚР Еңбек сіңірген ұстазы, жерлесіміз Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның «Қазақ әдебиеті тереңдетіп оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы еңбегі» -нен алдым[2]. Қазақ тілі немесе әдебиет сабағын берерде мен қатты қиналамын. Өйткені мен болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілікті сезінемін. Мен ертең өресі биік тұлға даярлағым келеді. Менің шәкірттерім қазақ тілінің құндылықтарын еліміз бен жеріміздің әдеби, мәдени құндылықтарын терең білген шәкірт болуы тиіс. Сондықтан да мен қазақ әдебиеті сабағында оқушылардың санасына ұлттық қадір қасиетті, салт-сана, әдет-ғұрыпты мейлінше сіңіруге тырысамын.

Қазіргі заман -жаңалықтың заманы. Сондықтан оқушы бойына білімді қажетінше сіңіру үшін жаттанды әдістерден тыс, жаңа оқыту әдістерін түрлендіріп оқытуға тырысамын. Мен өз тәжірибеме көптеген өзгерістерді енгізуді қолға алдым. Соларға тоқтала кетсем: Оқушылардың бойына отаншылдық сезімдерді тәрбиелеу мақсатында, мемлекеттік тілді үйретуде өз жұмысымда үнемі мыналарды басшылыққа аламын: оқушының күнделікті ауызша, жазбаша тілдік қорларын дамытып отыру, нақыл сөздерді қолдану, мақал-мәтелдерді үйрету, антоним, омоним, синоним сөздерді қолдана білу т.б/ , сөз тіркесі, сөйлеммен жұмыс, мәтінмен жұмыс, шығармашылық жұмыстары.

Мен оқушылармен жұмыс жасауда шағын топтармен жұмыс жасауды қолға алдым. Бұл әдіс оқушының шығармашылық қабілетін арттыруға мүмкіндік береді. Оқушылар бірі- бірімен қатынас жасау арқылы өз пікірлерін, көзқарастарын айтып үйренеді. Өзінің айтқанын дәлелдеуге тырысады. Олар бір-бірімен кеңесе отырып, ортақ шешімге келеді, бірлесіп талқылайды. Мысалы: 5-сыныпта «Қамбар батыр» жыры берілген. 1-2 сағат аясында бұл шығарманы толық оқушы бойына сіңіру мүмкін емес. Сондықтан да Қанипа Бітібаеваның «Батырлар жырын оқыту» туралы кеңесін басшылыққа алып, кіріспе жұмыс ретінде «Батырлар жыры» туралы алғашқы әдеби –теориялық ұғым

бердім. Оқушылар батырлар жырындағы халықтың арманы, халықтың тарихы туралы мәліметтер алды. «Қамбар батыр» жырының мазмұнын меңгерту үшін жырға шағын сюжеттік- композициялық жоспар жасадық. Бұл жоспар арқылы оқушыларға жырдағы басты оқиғалар туралы мәлімет бердім. Өзім жырды оқып беріп, жырдың оқылу мәнерімен таныстырдым. Жырды оқушыларға тізбектетіп, мәнерлетіп оқыттым. Эпизодтардан сұрақтар қоя отырып, негізгі оқиғаларды мазмұндаттым. Аннотация жаздырттым. Жырмен толық танысып шыққан соң, жетелеу сұрақтарын қою арқылы жырдың толық мазмұнын сұрадым. Ал жетінші сыныптарда «Батырлар жырын» оқытуда топтағы оқушыларды 3 топқа бөлдім. Оларға «Ой шақыру стратегиясы» арқылы «Батырлар жыры» ұғымын ашатын сөздерді жазу арқылы батырлық, ерлік, қаһарман, жекпе-жек, жүйрік ат, ер, намысшыл, батыл елін сүйетін т.б сөздерді жазды. Батырлар жырының мазмұнымен танысып, жаңа сөздермен сөздік жұмыс жасадық. Түсініксіз сөздерді синонимдермен алмастырдық. Жырды үш бөлімге бөліп, әр топ өз бөлімдеріне жоспар құрды. Сабақты бекіту кезеңінде кубизм әдісін пайдалану арқылы 1-ші топ батырлар жырының жанрлық ерекшелігін анықтаса, 2-ші топ батырлар жыры мен лиро эпостық жырларды салыстырды. 3-ші топ зерттеу: «Батырлар жырының» зерттелуі туралы мәліметтермен таныстырды. 1-ші топ қолдану кезеңінде жырдан үзінділер оқыды. 2-ші топ талдау кезеңінде жырдың көркемдік ерекшелігі, тілін талдады. 3-ші топ талқылау кезеңінде батырлар жырының маңызы туралы айтты. Сабақты қорытындылау кезеңінде жырдың тақырыбы мен идеясын аштық. Жырда сөз болған мәселелерді анықтадық. Батыр бейнесіне топтастыру әдісін қолдану арқылы сөздерді іріктедік. Топта атқарылған жұмыстар бойынша оқушылардың білімдері бағаланды. Үй тапсырмасына жырдан үзінді жаттауға және осы жыр бойынша сызба құру, жобалау жұмыстары берілді. Рефлексия кезеңінде оқушылар топ болып жыр мазмұны туралы ойларымен бөлісті. Осы жұмыстарды орындату арқылы мен оқушыларға қажетті білім бере алдым деп ойлаймын. Өйткені, үй тапсырмасын тексеру кезеңінде оқушылардың сызба жұмыстары, жобалау жұмыстары арқылы оқушылар жыр туралы толық мәлімет алып шыққанын байқадым. Батырлар жырын оқыту арқылы оқушы бойына ерлік, батырлық, намысшылдық елін сүйу т.б қасиеттерді меңгертуге болады. Осы сабақтарды өту арқылы мен мұғалім ретінде Қ.Бітібаеваның тәжірибесінен өзіме қажет нәрселерді алдым деп ойлаймын. Енді оқушыларға ақын - жазушылардың өмірбаянын, шығармашылық жолын, көркем туындыны т.б қалай жеткізу керек екендігін білемін.

Адам баласының бойына ізгілік пен адамгершілік қасиеттерін орнықтыру өте ерте заманнан адамзаттың мұрат-мақсаты болған. Осы орайда халық фольклорындағы адамгершілікке негізделген шығармалар зор маңызға ие. Бұл ретте ғалым Ә.Нысанбаев атап көрсеткендей: «...қазақ қоғамында ежелден жеке адамдардың даралық қасиеті жоғары бағаланған. Кез- келген батырлық жырларды немесе халықтың мақал-мәтелдерін сүзіп шығыңыз. Бәрінде де негізгі рөл тұлғаға беріліп, жігіттің батырлығы, дарқандығы адамгершілігі, жомарттығы т. б асыл қасиеттері насихатталады»[3]. Олай болса, оқушыларға ұлттық әдеби құндылықтарымыз саналатын - батырлар жыры болсын, мақал-мәтелдерді т.б оқытуда оқушы бойына адамгершілік құндылықтарды қалыптастыра білу қажет. Адамның рухани әлемінің нығаюы мен кемелденуіне білім жүйесінің қосары көп. Батырлар жырын оқыту арқылы оқушылардың ақыл-ойлары өрістеп, терең ойлай білуге үйренеді. Жан-жақты ойлау мүмкіндіктерінің артуы алынатын білімімен бірге дами бермек. Білім жақсы мен жаманды айыруға кең мағынадағы имандылық, адамгершілік дағдыларын бойына сіңіруге көмектеседі. Мұғалімнің адамгершілік тұрғыдағы жауапкершілігі оның гуманитарлық мәдениетінің деңгейіне байланысты қалыптасатыны даусыз.

Біз, ұстаздар қауымы – еліміздің негізгі іргетасын қалаушылар болғандықтан, біздің қолымыздағы абыройлы міндет- өскелең ұрпақты адамгершілікті, парасатты етіп тәрбиелеу. Бойларында адамгершілік қасиеттер қалыптасқан тұлға – ол- ертеңіміз. Тіл қадірін, ел намысын қорғай алатын ұрпақ тәрбиелеу- біздің қолымызда. Ұлттық

құндылықтардың қасиетін сезіндіру арқылы оқушыларыңды саналы, парасатты етіп тәрбиелейік. Ал біздің алдымызда жол көрсететін «Білім кемесінің- ұстазы», жерлесіміз Қанипа Омарғалиқызы тұрғанда, ол кісінің мемлекеттік тіл мен әдебиетті тереңдетіп үйретудің жолдары көрсетілген сара жолы тұрғанда, біз еш адаспауымыз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл» ғылыми –әдістемелік журнал. №12-18 бет, 10-23бет, 5-19 бет. 2009 жыл. Алматы қаласы
2. «Ақиқат» ұлттық –қоғамдық саяси журнал №2-28бет, №7-3 бет, №9-11 бет.2009 жыл. Алматы қаласы
3. Қ.О Бітібаева. «Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы». 2012 Алматы.
4. С.Ч Тұрсынғалиева, Ә.С Берекенова. Қазақ әдебиеті. Әдістемелік құрал. 9 сынып
5. Т.Жұртбай. Ұраным- Алаш. Алматы: «Ел шежіре», 2008 жыл
6. Д.Қамзабекұлы. Руханият: мақалалар мен зерттеулер. Алматы: «Білім»,1997

ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫП ҮЙРЕНУДІҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Астана қаласы С.Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназиясы

Көки Жұлдыз қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Ұстаздың пәнді оқытудағы мақсат, міндеті жөнінде «Біздің бүгінгі күні алдымызға қоятын негізгі мақсатымыз – тілді қадірлеп, мәдениетті дамыта білетін, біздің жолымызды ары қарай жалғастырып, жетілдіріп әкететін азаматтар дайындау. Ол үшін біз тілімізді -ұлттық қазына, ал әдебиетімізді – өнер деп оқытуымыз қажет», - дейді атақты педагог Қ.Бітібаева. Оқушыны қазақ әдебиетінің тереңінен сусындатып, қазақ әдебиетінің мақсат, міндеттерін оқытуда дана ұстаз Қ.Бітібаева әдістемелік құралдарында өзіндік авторлық әдіс-тәсілдерін молынан ұсынады.

Қазақ әдебиеті бағдарламасының мақсаты – білім алушыларды креативті ойлауға бағыттау. Олардың ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету, дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын қалыптастыру. Білім алушылар әдеби жанрларға эксперимент жасау арқылы драмалық шығарманы проза тілімен, прозаны поэзият ілімен жазу тәсілдерін меңгере алады.

«Қазақ әдебиеті» оқу пәнін оқытудың негізгі міндеттері:

«Қазақ әдебиеті» бағдарламасы білім алушылардың сауаттылығын, олардың әдеби және

эстетикалық талғамдары мен сезімдерін дамыту, ойлау қабілеттері мен танымдық және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру бағытында құрастырылған; қазақ әдебиетінің құндылық ретіндегі болмысын, ұлттық мәдениеттегі маңызды орнын құрметтейді және бағалайды; қазақ әдебиетінің мәдениетаралық қарым-қатынастағы рөлін, қазақ халқының қалыптасқан тарихын, алға қойған міндеттерін, мәселелерін, қарама-қайшылық пен қиындықтарын анықтайды және түсінеді; түрлі жағдайларға бейімделе білу және өздігінен шешім қабылдау дағдыларын қалыптастырады; заманауи, ғылыми және қоғамдық дамуға сәйкес дүниетанымын дамытады [4].

Қазақ әдебиетінің осы мақсат, міндеттерін жүзеге асыруда ұстаз оңтайлы технология мен тиімді әдіс-тәсілдерді ұтымды қолдана білгенде ғана оқыту үдерісінде көзделген мақсат, міндеттеріне жете алақ.

Қанипа Омарғалиқызының жас ұрпақты жаңашылдыққа, шығармашылыққа, зерттеушілікке, құзырлыққа жетелейтін технологиясы - «Ой тастау, ойланту» технологиясы.

Қ.Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту» технологиясын сөз еткенде «Инновациялық технология» деген термин жиі айтылмай тұрған кездің өзінде оның негізгі талаптары жаңашыл ұстаздардың тәжірибесінде болды. Біздің «Ой тастау, ойланту» технологиямыз: бүгінгі сөз болып жүрген оқушыға субъект ретінде қарау; құзыреттіліктерді қалыптастыруға негізделген шығармашылық тапсырмалар; оқушылардың сыни тұрғыда ойлау қабілеттерін дамыту; білімді оқушылық деңгейден өнімді, шығармашылық деңгейге дейін көтеру; дарын көздерін ашу; ғылыми-іздендіру жұмыстарына баулу мәселелеріне негізделген» [1, 2].

Осы орайда ғалым ұстаздың тағы бір пікіріне жүгінсек: «Ой, ойлану, ойланту барлық пәндерге де керек. Ойсыз өмір сүру мүмкін емес. Бірақ бұл жердегі ерекше бір еске алатын мәселе - өзіндік ойлау, өзіндік пікірде жатыр. Әдебиетті оқытуда мұғалім оқушыларға көркем туынды туралы оқулық авторы, не ғалымдар пікірін қайталауда, не соны қаз-қалпында мазмұндатуды мақсат етпеуі керек, ең бастысы, сол көркем туынды туралы оқушы пікірі, ойына ерекше көңіл бөлген жөн. Бұл пәннің басқа пәндерді оқытудан өзгешелігі де, күрделілігі де осында», - деп «Ой тастау, ойланту» технологиясының маңыздылығын атап көрсетеді [2, 5].

Қ.Бітібаева «Ой тастау, ойланту» технологиясымен қатар мынадай технологияларды ұсынады.



Әдеби шығармаларды оқытуда ғалым ұстаз әдіс-тәсілдерді тиімді пайдаланады. Мәселен әдеби шығармаларды оқытуда ғалымдар мен психологтардың пікірін ескере келе әуелі жас ерекшеліктеріне сай бөліп қарастырады:

1. Кіші жастағыларға 5-7 сыныптардағы 10-12-дегі жас өспірімдер.
2. Ересек жастағыларға 8-9 сыныптардағы 13-14-тегі жас өспірімдер.
3. Үлкен жастағыларға 9-11 сыныптардағы 15-17-дегі жастар жатқызылды.

Сонымен қатар әдеби шығарманы оқытуда оқыту әдіс-тәсілдерін таңдау барысында оқытылатын шығармаларды кезең кезеңімен бөліп қарастырып отырып, оқушының жас ерекшелігі мен әдеби шығарманың жанрына, кезеңіне байланысты таңдайды және бұл өте ұтымды. «Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқыту» еңбегінде жырды оқытудың төмендегідей әдістемесі мен тиімді жолдарын ұсынады.

1. Жырдың мазмұнын меңгеру, композициялық құрылымын таныту.
2. Мәтінмен жұмыс жасау.

Практикалық сабақтар жүргізу:

- ❖ берілген үлгі бойынша мазмұнды меңгертіп, мазмұндату;
 - ❖ кейіпкер бейнесін ашатын бейнелі, образды сөздерді тапқызу;
 - ❖ мақал-мәтел шешендік оралымдарды тапқызып, олардың бүгінгі қазақ әдебиеті тілінде қолданылуын дәлелдеу;
 - ❖ поэтикалық талдау жүргізу, көркемдегіш құралдарды табу;
 - ❖ өлең құрылысына талдау;
 - ❖ шағын шығарма немесе мінездеме жаздыру.
3. Салыстыру жұмысы. Кейіпкерлерді өзара салыстыру. Мінездеме беру. Басқа шығарма кейіпкерлерімен салыстыру.
 4. Сөздік жұмысын жүргізу. Шығарма дәуіріндегі сөздер мен ұғымдардың қазіргі кездегі қолданысына түсінік беру. Мысалдар келтіру.
 5. Ғылыми еңбектер бойынша шағын конспект, хабарлама, баяндама жаздыру. Олардан дәйектеме алып, сабаққа пайдалану. Ғалым ұстаз қай сабағында болсын оқушыларды ғылымға жақын болуын көздеп, әр шығарманы өткен сайын ғалымдардың ғылыми тұжырымдамалары мен дәйектемелерін оқушыларға қолданып үйренуді мақсат етеді. Аталған тәсілдер шығарманы оқытуда оқушылардың жырдың көркемдік құрылымын, тарихын, мазмұнын, идеялық-көркемдік мазмұнын ұғынуға, сөз байлығын дамытуға, әдеби теориялық ұғымдарды меңгеруге, шығарманы талдауға және тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын дамытуға ықпал етеді.



Ғалым ұстаз сабақ кезеңдерін мынадай бөлімдерге бөліп қарастырады. Сабақтың әр кезеңінің ұтымды шығуы – жоспарланған оқу мақсатының орындалуының кепілі. Сабақ кезеңдеріне сай тиімді оқыту әдісін таңдау да маңызды болмақ. Оқушының жас ерекшелігі мен әдеби шығармаға байланысты кей сабақтардағы өнімді әдіс екінші бір сабақтарда өнімділігін көрсете алмауы әбден мүмкін, сол себептен де мұғалім, оқушыға не қажет екенін ұғынып, қолданатын әдіс-тәсілдерін түрлендіріп, алдын ала жоспарлағаны нәтижеге әкелетіні сөзсіз. Қ.Бітібаеваның оқыту әдістемесі бойынша

сабақ жоспарына сабақ үстінде жағдаятқа байланысты, оқушы шығармашылығын ескере отырып, коррекция жасау да ескерілген.

Академик Ю.Н.Бабанскийдің еңбегіне сүйене отырып, Қ.Бітібаева төмендегі әдістердің тиімділігін көрсетеді.

| Сөздік әдіс | Көрнекілік әдіс | Практикалық әдіс | Зерттеу әдісі |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Берілетін білім ақпараттық сипаттау болғанда, білімді қалыптастыру, соның ішінде теориялық білім беру, жаңа ұғымдарды оқушыға жеткізуде бұл әдіс өте тиімді. Сөздік әдіс, әсіресе, әдебиет пәнінің күретамыры деуге де болатындай - | Берілетін білім мазмұны көрнекілікті тілеп тұрғанда, уақыт үнемдеуде, әсіресе, оқушы психологиясына әсер ету мақсаттарында өте тиімді болады. Сондай-ақ оқушыны сабаққа қызықтыру, ынталандыру мәселелерінде де маңызы зор | Оқушылардың теориялық білімін практикада пайдалана білу дәрежелерін жетілдіреді. Бұл әдіс кітаппен жұмыс түрлері кезінде жазушы тілі, сти-лін анықтауда өте тиімді | Берілетін білімнің ғылымилығын арттыру, қосымша материалдармен байыту оқушыларды іздендіру, өз беттерімен проблема шештіру мә-селелерінде тиімді. Оқушылардың өздігінен ойлануы мен іскерлігін, өз беттерінше қорытынды шығару дағдыларын жетілдіруде өте пайдалы |

Әдіскер ұстаз оқушыға жұмыс жасату барысында мұғалім осы жұмыстың басы-қасында, оны ойластырушы да, орындаушы, орындатушы да болып қызмет атқарғаны тиімді екендігін алға тартады, бұл бүгінгі таңдағы оқушыға бағыт-бағдар беру арқылы оқушының жұмысын ұйымдастырушы мұғалім іс-әрекетімен дөп келеді. Қ.Бітібаеваның қай оқыту технологиясын, қай оқыту әдіс-тәсілдерін алсақ та білім берудің жаңартылған мазмұнын оқытуды аша түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Бітібаева Қ.О. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары. А, 2009.

Бітібаева Қ.О. Әдебиетті оқыту әдістемесі. А:Рауан, 1997, 284.

Қазіргі кезең әдебиетін тереңдетіп оқыту. Семей, 2007ж.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы [Altynsarin Academy](http://AltynsarinAcademy)

ӨНЕРІ ОНЫҢ ЖҰРТ АСҚАН...

(Абай өлеңдеріндегі Әбдірахман бейнесін

Қ.О.Бітібаеваның инновациялық технологиясымен оқыту)

Сегізбаева С.К, №73 мектептің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Жан Поль Рихтердің тілімен айтқанда, «лирика - барлық поэзияның өмірі мен жаны, лирика - поэзияның поэзиясы». Бүгінгі таңда әдебиетті оқыту, соның ішінде лириканы оқыту жайлы түрлі әдіс-тәсілдердің көптігі баршамызға мәлім. Мұғалім үшін практикалық жағынан аса маңызды, ғылымилығы жоғары, жаңа технологиялармен қаруланған оқыту әдістемесінің үздік үлгісі Қ.О. Бітібаеваның ұстаздық іс - тәжірибесінде жатыр.

Әсіресе, қазақ лирикасының алыбы Абай болса, сол алыптың баға жетпес мол мұрасын шәкірт санасына сіңіруде талмай еңбек етіп, сол еңбектің толағай теңіз тәжірибесін тағылымы мол тамаша зерттеу еңбектеріне айналдырған да қазақтың Хан - апасы деп білеміз.

«Абай поэзиясы - сұлу поэзия, Абай поэзиясы - махаббат, сүю, сүйіспеншілік толы поэзия. Ақынның қай туындысы болмасын, оның алтын арқауы болып адам тұрады, адамға деген махаббат тұрады» деп жазады ұстаз. Соның дәлелі ретінде:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,

Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.

Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,

және хақ жолы осы деп әділетті, - деп келетін Абай сөзін әрдайым алдымызға тартады.

Жұмысымыздың мақсаты да осы тұрғыдан өрбиді. Мақсатқа қол жеткізу барысында төмендегідей міндеттер туындады:

1. Абай сүй деген толық адамның кім екенін оқушылармен бірлесе отырып анықтау;

2. Оқушыларға лириканың өн бойында тұнып тұрған тамаша сөз құдіретін, оның қолданылуын, өлең шумақтарының құрылысын таныту;

3. Ең бастысы, ақынның жан дүниесі мен оқушының жүрек лүпілін қауыштыру; Осы міндеттерді жүзеге асырудың түпкі нәтижесі мынадан көрінді:

1. Оқушы сезімі сергектене түсті;

2. Өзіндік ойлауы, өмірлік көзқарасы жетіле бастады;

3. Тілі дамыды;

4. Әдемілікті сезініп, жақсылық, ізгіліктен қуат алды.

«Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» ұстаз ұсынған тақырыптағы Толық адам мәселесін шешуде Абайдың Әбдірахманға арналған өлеңдерінің алар орны орасан зор. Ендеше, «Атаның ғана емес, Адамның ұлы» болған Әбдірахман туралы ақын өлеңдеріне тоқталып, жоғарыдағы мәселелердің біздің сабағымызда қалай шешімін тапқанына ой жүгіртпекпіз.

Қ.О. Бітібасва «Абай шығармашылығын оқыту» атты еңбегінде Әбдірахманға арналған өлеңдерді талдаудың тиімді жолдарын ұсынады. Сол ұсыныстарды басшылыққа ала отырып, Абай шығармаларындағы Әбдірахман бейнесін ашудағы өткізілген сабақтың жоспары төмендегідей.

Сабақтың өту барысы ұстаз жолымен Блум таксономиясымен берілді.

| Мақсаттың өсу заңдылығы | Мұғалімнің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Жұмысты ұйымдастыру түрі | Нәтиже | Баға қою |
|-------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------|-----------------------------------------------------------------------------|------------------|
| Білім | Кіріспе сөз. Мақсатты айқындап, Әбіш туралы өлеңдермен таныстырады. | Өлеңді мәнерлеп оқиды. | Ұжымдық жұмыс | Оқушы бойында Әбдірахман, оның асыл бейнесі туралы ой қалыптасады. | |
| Түсінік | Сөздікпен жұмыс жасатады. Шағын сұхбатқа тартады. | Сөздерге түсініктеме береді. Өз ойларын ортаға салады. | Ұжымдық жұмыс | Оқушының қызығушылығы артады. | Өзін-өзі бағалау |
| Қолдану | Топқа бөліп, тапсырма береді. Тақырыпты ашуға, поэтикалық талдауға жол көрсетеді. | Әр топ өзіне берілген өлең бойынша мазмұнды меңгереді, Әбішті сипаттайтын сөздерді табады, өлеңге цитатамен тақырып қояды. | Топтық жұмыс | Оқушының сенімділігі артады. Өзіндік ойлауы дамиды және сөйлеу тілі артады. | Топ жетекшісі |
| Талдау | Өлеңді ашып | Мазмұн | Топтық | Әдебиет | Топаралық |

| | | | | | |
|----------|---------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------|-------------------|-------------------------------|-------------------|
| | тұрған бір жолды анықтатып, ақын идеясын ашуға жетелейді. | арқылы өлең жанрын және идеясын анықтайды. | және жұптық жұмыс | теориясынан білімі тереңдейді | бағалау |
| Жинақтау | Әбішке мінеземелік модель және ақын тілінің поэтикалық сөздігін жасатады. | Мінеземелік модель және ақын тілінің поэтикалық сөздігін жасайды. | Топтық жұмыс | Логикалық ойлауы артады. | Топаралық бағалау |
| Бағалау | Ойтолғау жаздырады немесе пікірлерін ортаға салдырады. | Мақсаттың орындалуы туралы өз пікірлерін ортаға салады. | Жеке жұмыс | Өзіндік пікірі қалыптасады. | Өзін-өзі бағалау |

Коррекция: мұғалім мен оқушылар бірлесіп сабақ барысын талдап, қорытынды жасайды. Қорытындыда “Әбіш Атаның ғана емес, Адамның ұлы” деген мақсатқа жеткені анықталады.

Осы сабақ барысында Қ.О.Бітібаеваның проблемалық сұрақтар қоя отырып оқыту, сыни ойлауды дамыту, ой тастап, ойланту сияқты инновациялық әдіс-тәсілдерін көруге болады. Сол арқылы төмендегідей нәтижелерге жетуге болады:

1. Абайдың Әбіш туралы өлеңдерін талдай отырып, “Атаның емес, Адам ұлы болу” проблемасының айналасында оқушыны іздендіру;
2. Оқушыларды поэтикалық талдауға баулу, өз беттерімен анализ, синтез жасап, бағалауға жетуге талаптандыру, сондай-ақ сөйлеу тілін дамыту;
3. Әбіш бейнесін оқыту арқылы оқушыларды ата-анасын сыйлауға, елін-жерін сүйуге және халқының қамын ойлар азаматы бола білуге тәрбиелеу.

Абайдың Әбдірахманға арналған өлеңдері бұрынғы 8-сыныптың бағдарламасында ғана берілсе, қазіргі оқулықтарда мүлдем алынып тасталынған. Ұлағатты ұстаз осындай олқылықтардың орнын толтыру мақсатымен тәрбиелік мәні зор, тағылымы мол Әбдірахман туралы өлеңдерді сыныптан тыс қосымша материал ретінде ұсынады. Расында да, «Абай поэзиясының сұлулығынан бойымызға нәр алып, жан дүниемізді тазартып, сұлу жанды жас ұрпақ тәрбиелеу - адами да ұстаздық та борыш» деген ұстаздың орамды ойын әр кез естен шығармағанымыз абзал.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. “Абай”энциклопедиясы, Алматы,1996 ж.
2. Абай өлеңдерінің жинағы, Алматы, 2002ж.
3. Абай тағылымы, Алматы, 1986 ж.
4. Әуезов М. “Абай жолы”, Алматы, 1998 ж.
5. Бітібаева Қ.О. “Абай шығармаларын оқыту”,Алматы, 2003 ж.
6. Бітібаева Қ.О. “Әдебиетті тереңдетіп оқыту”,Алматы, 2003 ж.

ЛИРИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ ЖАЙЫНДА

Қабдеш Гүлнұр, Б.Майлин атындағы
№52 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Баршамызға белгілі, ұлы ұстаз, жаңашыл педагог Қ.О.Бітібаева әдебиет пәнін «Адамтану пәні» деп атаған болатын. Бұлай атау беруінің өзі әдебиет сабағының басқа пәндерден айтарлықтай ерекшелігі мен ұлттық сипатында жатыр. Әдебиет пәні арқылы адам баласы барлық ғылым түрлеріне жол таба алады, себебі адамның білімді қабылдауы мен түйсінуіне табандылық, құштарлық, ғылымға деген сүйіспеншілік қажет. Осы адами құндылықтар адам баласының жүрегіне әдебиет пәні арқылы дариды.

Әдебиетті оқыту әдістемесінің ішіндегі ең күрделісі- лириканы оқыту. Лириканы оқыту күрделілігі оның жанрлық ерекшелігіне ғана емес,білім алушының сол ақпарат жайындағы көзқарасы мен қабылдау түсінігіне де байланысты болады. Оқушылардың көбі прозалық шығармаларды оқығанды ұнатады, белгілі бір оқиғаға құрылған,шығармада кездесетін кейіпкерлердің іс-әрекеті оқырманды түрлі жағдайларға жетектеп, қызығушылығын тудырады. Оқушыларының көбі поэзиядан гөрі, қызықты мазмұны бар, айтайын деген ойының бәрі түсінікті боп тұратын прозалық шығармаларды ұнатады. Мұғалімге оқушыларды лирикалық шығармаларға қызықтыру,

тарту жұмыстарынан гөрі, прозалық шығармаларға қызықтыру, тарту жеңілірек тиеді.

Лирикалық шығармаларда ақын өз ойы, өз сезімі, өз күйін тікелей кейіптеу арқылы жеткізсе, лириканың сол өзіндік қасиеттерін түсіну үшін, баланың да ақын жанын түсінетін жүрегі, терең сезімі, ұшқыр ойы болуы керек. Ал ондай сезімталдық, нәзіктік барлық адамда бола бере ме?! Лирикалық шығармаларды құлақпен емес, жүрекпен, сезіммен қабылдау керек десек, ол шығармаларды бала қалай меңгерді, нені сезді, неге тебіренді, қандай көңіл күйде болды, оны тексеру де мұғалімге оңайға соқпайтын мәселелер. Міне, сондықтан да лириканы оқытудың күрделілігі осында жатыр.

Лирикалық шығарманы қабылдаудың 3 кезеңі болады:

1. Шығарманы тікелей қабылдау;

(Шығарма образдарын қайта жаңғырту және бастан кешірту)

2. Шығарманың идеялық мазмұнын түсіну;

(Шығарманы қабылдаудың бұл кезеңінде ойлау жетекші орынға шығады)

3. Шығарманы қабылдау нәтижесінде лирикалық шығарманың баланың жеке басына әсері

(Оқушының жеке басына әсер етуі)

Міне, осы мәліметтерді басшылыққа ала отырып, лириканы оқытудың пайдалы кезеңдерін анықтай аламыз. Кезеңдер анықталған соң, лирикалық шығармаларды қабылдау мәселесінің түрлеріне тоқталамыз. Олардың психологиялық, әдістемелік, әдеби аспектілері бар, сол үшін лириканы оқытудың басты мәселелерінде тоқталу керек, атап айтқанда:

- Лирика туралы әдеби-теориялық бастапқы ұғым беру, оны, біріншіден тереңдете беру;

- Өлеңді үйде алдын ала оқып, танысуға беру;

- Мұғалім өлеңнің поэтикалық көркем тіліне, құрылымына міндетті түрде назар аударуы, өзі талдамас бұрын, оқушылармен жұмыс жүргізуі керек;

- Өлеңді әуенмен, сазымен мәнерлеп оқуға, жатқа оқуға ерекше көңіл бөлу;

- Өлеңдегі ақынның көңіл-күйін бағдарлату, оқушылардың өз сезімі, өлеңнің әсеріне де назар аударту;

- Тақырыпқа сай музыканы, бейнелеу өнерін, басқа да өнер туындыларын, көрнекілікті, үйлесімді, тиімді пайдалану;

- Тиімді, көңілді оқу жағдайын туғызу. Жағымды ахуал жасау (балаларға ұрыспау, т.б.);

- Қабілеттерін, шабыттарын ояту, белсенділіктерін арттыру мақсатында шығармашылық сипаттағы әдіс-тәсілдер пайдалану;

- Әр түрлі сабақ үлгілерін іздене отырып, түрлендіре қолдану;

- Лириканы өту барысында оқушылардың шығармашылық жұмыстарды орындауына баса назар аудару;

Сынып оқушыларының лириканы қабылдау ерекшеліктерін білуі-мұғалім үшін өте маңызды. Өйткені әдебиеттің оқушыларға әсер ету күші негізінен қабылдаудың тереңдігі мен тұтастығымен анықталады. Лириканы оқырмандық қабылдауы қалыптасқан оқушы кез-келген мәтінді түсінуге қабілетті болып, кәсіби сауатты оқырманға айналады. Бұл қалыптасып келе жатқан тұлғалық қасиеттердің қарқынды дамуына ерекше әсер етеді.

Жоғарыда айтылған лириканы оқытудың кезеңдері мен ерекшеліктерін ескере отырып, олардың оқыту әдістемесінде алатын орны мен пайдасын зерделеп көрелік.

Дәуірдің дара ұстазы атанған Қанипа Омарғалиқызы лириканы оқытудағы басты ерекшелік- сол өлеңнің тууына себепкер болған жайттарға баса назар аударады. Педагогтың «ой тастау, ойланту» әдістемесінің негізі де осы сауалдан бастау алғандай. Лирикадағы ой мен сезімнің бірлігінде жазылған шығарманың басты идеясы мен тематикасына баса назар аударған ұстаз шәкірттеріне ой қозғай отырып, ой тастайды. Оқушыларды ойланту әрекеттері ақын өлеңінде берілген терең ой мен сезімнің шеңберінде елітіп, сөз құдыретін түсінуге әкеп саяды. Сондай-ақ, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту арқылы өлең мазмұны негізінде түрлі тапсырмалар орындатып, ақпараттық кестелерді ұсынды.

Алдын-ала берілген тапсырмалардың орындалу және меңгерілу сапасы жоғары болатынына ерекше назар аударған ұстаздың әдістемесі де өте тиімді болды. Лириканы оқытудағы ерекшеліктің бірі- қолайлы орта туғызумен қатар оқушылардың бойындағы еркіндіктің болуы. Әдебиетті адамтану пәні деп түсінген педагог осы қасиеттің болуына баса назар аударды, себебі әдебиет- ой еркіндігі. Ой еркіндігі болған жерде сөздің де еркіндігі болады. Осы еркіндік арқылы оқушылар ақынның бейнесін тануға ұмтылып, ондағы сезімді басынан өткергендей жағдайда күй кешеді. Әдеби ғана емес, эстетикалық тұрғыдан көзқарастары қалыптасып, рухани құндылық негіздері дамиды.

Заманауи білім сипатында айтылып жүрген функционалдық сауаттылықты лириканы оқытуда да қолдана аламыз. Ақын өлеңінде көтерілген мәселе мен тақырыпты терең түсінуі, оның жан дүниесінде болып жатқан ішкі арпалыс пен сезімді бағалай білуі оқырманның, яғни оқушының өмірдегі басатын қадамдарына себепкер болуы әбден мүмкін. Алған білімді өмірде қолдана білу- ілімнің ең қайырлысы болмақ.

Ойымды қорытындылай келе, лириканы оқытудың маңыздылығы тек пәндік сипатта ғана емес, оның адами болмыс пен тұлғалық қасиеттерді дамыту маңызына да ие екендігін айтқым келеді.